

DÚBIR

СӘУЛЕТ және ҚАЛА ҚҰРЫЛЫСЫ БӨЛІМІНДЕ – ЖАҢА БАСШЫ

2-бет

KÚN TÁRTÍBÍ

СҮЙЕК КІМДІКІ, БИЛІК – СОНЫКІ

4-бет

QOǴAM

ӘДІЛДІК ЖОЛЫНАН АЙНЫМАҒАН

10-бет

TIRSHILIK

ЖҰМЫСҚА ШАҚЫРАМЫЗ

11-бет

ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАСЫ ӘКІМІНІҢ ХАЛЫҚ АЛДЫНДАҒЫ ЕСЕБІ

ЖАҢАШЫЛДЫҚ ЖЕТІСТІККЕ БАСТАЙДЫ



Құрметті Жезқазған қаласының тұрғындары!

2019 жыл маңызды саяси оқиғамен есте қалды. Былтыр Президент сайлауы өтіп Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Мемлекет басшысы болып сайланды. Президенттің «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» концепциясын қалыптастыру, халық сенімін нығайту, Ұлттық қоғамдық сенім кеңесін шақыру мен қызметін жүргізуді көздеген саяси бағдарламасын жүзеге асыру басталды.

Жылдың басты қорытындысы ретінде Ұлттық кеңестің екінші отырысында айтылған саяси, экономикалық және әлеуметтік саладағы нақты іс-шараларды жүзеге асыру жөніндегі Мемлекет басшысының он бастамасын айтуға болады. Бұл бастамалар Қазақстанның дамуында жаңа сапалық деңгейге қадам басқанын айғақтайды.

Былтыр біз туған қаламыздың 65 жылдығын атап өттік. Қазір Жезқазған тұрақты даму үстінде. Мерейтой жылында біз маңызды мәдени, спорттық іс-шаралардың куәсі болдық. Көптеген әлеуметтік және бизнес жобалар жүзеге асты.

2019 жылы атқарылған жұмыстардың есебі мен 2020 жылы атқарылатын жоспарларды Сіздердің назарларыңызға ұсына отырып, былтыр біз бес институционалды реформаны жүзеге асыру бойынша «100 нақты қадам» Ұлт жоспарында көрсетілген міндеттерді жүзеге асырғанымызды атап өткім келеді. Біз Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өрлеуінің негізі» атты халыққа Жолдауында аталған мемлекетті дамытудың стратегиялық бағыттарын жүзеге асыруды бастадық. Жолдауда еліміздің экономикалық дамуы қоғамдық-саяси модернизациясыз мүмкін еместігі және тек билік пен қоғамның тұрақты диалогы арқылы ғана үй-

лесімді мемлекет құруға болатыны айтылған еді.

Жалпы алғанда 2019 жылы қала экономикасы 1,5 есе өсті (414,6 млрд теңгеден 633 млрд теңгеге дейін).

2018 жылмен салыстырғанда өнеркәсіптік өндіріс өсімі 60%-ды, негізгі капиталға инвестициялар – 12%-ды құрады, құрылыс жұмыстары 2 есе өсіп, тұрғын үйді пайдалануға беру 2%-ға, сауда-саттық 0,76%-ға артты. Негізгі қорға инвестициялар 31,7 млрд теңгені құрап, 2018 жылмен салыстырғанда 11,8% өсім көрсетті. 2019 жылы «Сарыарқа» магистральді газ құбырын салу жөніндегі республикалық деңгейдегі ірі инвестициялық жоба аяқталды, осы жобаның арқасында жезқазғандықтар көгілдір отынның игілігін көретін болады.

Құрылыс-монтаж жұмыстары 2018 жылдағыдан 2 есе артып, 19,8 млрд теңге көлемінде орындалды. 17 мың шаршы метрден астам тұрғын үй пайдалануға берілді, бұл 2018 жылғы көрсеткіштен 2%-ға артық. Егер 2019 жылы жаңа үйлерден 48 пәтер пайдалануға берілсе, биыл 160 жаңа пәтердің кілтін тапсыру жоспарлануда.

Қала бюджеті 20,3 млрд теңге көлемінде орындалды. Бұл – 2018 жылғы көлемнен 1,5 есе артық. Кірістердің артық орындалуы негізінен реттелетін салықтар мен заңды тұлғалардың мүлік салығы есебінен 1,4 млрд теңгені құрады.

Өнеркәсіп

Біздің қаланың дамуында мемлекеттік индустрияландыру бағдарламасының екінші бес жылдығы басымдықтарына сәйкес дамып келе жатқан өнеркәсіптік сектордың алатын орны зор.

2019 жылдың қорытындысы бойынша өнеркәсіптік өнім көлемі 60%-ға артып, 535,2 млрд теңгені құрады.

Өнеркәсіп өнімінің артуына 2018

жылдың желтоқсанында Жезқазған мыс қорыту зауытында 600 жаңа жұмыс орнын ашып, жылына қосымша 100 мың тонна мыс өндіруге мүмкіндік беретін екінші кен балқыту пешінің іске қосылуы мен 2015-2019 жылдарға арналған кәсіпкерлікті қолдау картасы аясындағы жобалардың жүзеге асуы оң әсерін тигізді.

Қаладағы негізгі ірі кәсіпорындар тұрақты жұмыс істеп тұр.

Бұл ретте өнеркәсіпті дамытудағы маңызы зор инвестициялық жобаларға ерекше көңіл бөлінді. Жалпы алғанда екі бес жылдықта (бірінші бес жылдық 2010-2014 жылдар, екінші бес жылдық 2015-2019 жылдар) 9 инвестициялық жоба қосылып, жұмыс істеп тұр. Бұл жобалардың арқасында 2019 жылы 2 млрд 312 млн теңгенің өнімі шығарылып, 652 жаңа жұмыс орны ашылды, тағы 2 жоба 2020 жылы іске қосылады деп күтілуде.

Кәсіпкерлікті қолдау картасынан тыс 2019 жылдың желтоқсанында «KazGreenEnergy» ЖШС-нің құны 3,8 млрд теңге болатын, жаңа 15 жұмыс орнын ашуға мүмкіндік берген «10 МВт-тық күн электрстансасы» жобасы іске қосылды. Бұл жоба Жезқазған және Сәтбаев қалаларының өнеркәсіп кәсіпорындарына қажет электрэнергиясын шығаруды ұлғайтуға мүмкіндік береді.

2020 жылы өнеркәсіп секторын дамыту бағдары сақталатын болады.

Бұл – бірінші кезекте жалпы инвестиция көлемі 18,1 млрд теңгені құрайтын, жаңа 350-ден астам жұмыс орнын ашуға мүмкіндік беретін төрт жаңа жоба. Олар:

– «Қазакмис» корпорациясы» ЖШС-нің құны 8 млрд 200 млн теңге болатын, жаңа 97 жұмыс орнын ашатын «Қара мыс концентратын қайта өңдейтін гидрометаллургиялық тәжірибелік зауытының құрылысы»;

– «Қазхимсинтез» ЖШС-нің құны 1 млрд 200 млн теңге болатын, жаңадан 150 жұмыс

орнын ашатын «Өнеркәсіптік реагент өндіретін химиялық зауыт құрылысы»;

– «С и Жест» ЖШС-нің құны 450 млн теңге болатын, жаңадан 30 жұмыс орнын ашатын «Құрылыс материалдарын шығартын зауыт құрылысы»;

– «KazGreenEnergy» ЖШС-нің құны 8,2 млрд теңге болатын, жаңадан 76 жұмыс орнын ашатын «Биоэлектрстансасының құрылысы» жобалары.

Осының нәтижесінде 2020 жылы негізгі капиталға салынатын инвестиция көлемі 32 млрд теңгеге ұлғаяды (31,7 млрд теңгеден 32 млрд теңгеге).

Бұл жобаларды жүзеге асыру жаңа өндірісті игеруге, өнеркәсіп өнімінің көлемін 10%-ға ұлғайтуға, жергілікті өнім қатарын арттыруға, салық салынатын базаларды ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Негізгі капиталға инвестиция құюда жеке инвестициялардың үлесі 77%-ды немесе 24,5 млрд теңгені, бюджеттік инвестициялар 23%-ды немесе 7,2 млрд теңгені құрайды.

Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік-жекеменшік әріптестіктің жалпы инвестиция көлемі 430 млн теңгені құрайтын, жаңадан 73 жұмыс орнын ашуға мүмкіндік беретін 5 жобасын жүзеге асыру жалғасуда. Ол жобалар:

«Жезқазған қаласының орталық ауруханасы» КМК базасындағы магниттік-резонансты томография кабинеті;

«NOVA Medical Centre» диагностикалық орталығы;

«Жезқазған қаласының орталық ауруханасы» КМК базасындағы офтальмологиялық орталығы;

Балалар реабилитациялық орталығы; Ересектерге арналған нейрореабилитациялық орталығы.

Агроөнеркәсіптік кешен

Аграрлық секторды дамыту жөніндегі барлық іс-шаралар нарыққа сұранысқа ие өнімдерді шығаруды қамтамасыз ету бойынша міндеттерді жүзеге асыруға бағытталды.

2019 жылдың қорытындысы бойынша ауылшаруашылығы жалпы ішкі өнімінің көлемі 5,9 млрд теңгені құрап, 2018 жылғы көрсеткіштен 17,7%-ға артық орындалды.

1,4 мың тонна ет (өсім 2,4%), 5,7 мың тонна сүт (өсім 6,8%), 10 млн дана жұмыртқа (өсім 9,9%) өндірілді.

2019 жылы (2017-2021 жылдарға арналған агроөнеркәсіптік кешенді дамыту, «Сыбаға», «Алтын асық») мемлекеттік бағдарламалар аясында 77 бас ірі қара мал, 122 жылқы алынды. 54 ауылшаруашылығы өнімін өндірушіге жалпы сомасы 155 млн теңге қаржылық қолдау көрсетілді.

Инфляциялық процестерді тежеу және халықты қолжетімді бағадағы бірінші қажеттіліктегі азық-түлікпен қамтамасыз ету мақсатында қалада 52 ауылшаруашылығы жәрмеңкесі өтіп, оған жергілікті тауар өндірушілер, шаруа қожалықтары мен саяжай иелері қатысты, барлығы 770 млн теңгенің өнімі саудаланды.

Бағаның шарықтамауына 2018 жылы желтоқсанда ашылған, азық-түлік өнімдері арзан бағада сатылып жатқан «ULY DALA» гипермаркеті де септігін тигізуде.

Аталған гипермаркеттің тағы 10 минимаркетін ашу жоспарлануда.

Сонымен бірге жаңадан 3000 ш.м аумақты алатын «Самади» супермаркетінің құрылысы жүруде.

Қаладағы сауда нысандарымен «Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдеріне қосылатын бағаны төмендету»

туралы, «Ұлытау Нан» ЖШС-мен «2020 жылдың 1 сәуірінен бастап бірінші сұрыпты нан бағасын 70 теңгеден асырмау туралы» меморандумдарға қол қойылды.

Бірінші қажеттіліктегі тауарларға негізгі баға қосылмауы тұрақты бақылауда.

Қазақстан Республикасы жер заңнамасының негізгі принциптерінің бірі – ауылшаруашылығы мақсатындағы жерлерге басымдық беру. Жезқазған қаласының жалпы жер көлемі 858,9 мың гектарды құрайды, оның ішінде Кенгір, Сарыкентгір және Талап ауылдық округтарының аумағы – 682,8 мың гектар, Жезқазған қаласының аумағы – 176,1 мың гектар.

Жезқазған қаласында суармалы ауылшаруашылық жер үлесі 5,5 мың гектар. Ауылшаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін шаруа және фермерлік шаруашылық жүргізуге пайдалану үшін конкурс ұйымдастырылды. Конкурс нәтижесі бойынша жалпы аумағы 33,5 мың гектар болатын 17 жер учаскесі пайдалануға берілді.

Жер учаскелерінің пайдаланылуы зерттелді. Нәтижесінде жер учаскелерін пайдаланбаудың 158 фактісі (45,5 гектар) анықталды. Жер заңнамасын бұзушылықтар жойылуда.

Жыл сайын ветеринарлық қызмет ветеринарлық-санитарлық талаптарды сақтау мақсатында жануарлардың аса қауіпті ауруларына қарсы жоспарлы алдын алу іс-шараларын ұйымдастырады. Жоспарға сай 77 628 ауылшаруашылығы жануарлары егіліп, 38 374 диагностикалық зерттеу жасалды, 4 499 бас бұзауға, 1 919 құлынға, 10 044 қозы-лаққа, 68 торайға, 14 ботаға 14,8 млн теңгеге ең салынып, сырга тағылды.

Қала халқы үшін келесі қызметтердің маңызы зор. Есепті кезеңде 2097 қанғыбас ит пен 1322 мысық ауланып, ұсталған үй жануарларын қамайтын және тамақтандыратын орын ашылды. Санитарлық-ветеринарлық талаптарға сай 4 мал өлекесінен көму орны ұйымдастырылды. Коммерциялық және басқа да мақсаттағы жер учаскелерін пайдалану құқығын сату жөнінде 4 аукцион өткізілді. Аукционға шығарылған 99 жер учаскесінің 51-і (8,9 гектар) 35,6 млн теңгеге сатылды.

Шағын және орта бизнестің дамуы

Қала экономикасында ШОБ үлесі 10%-ды, бюджетке түсімдер – 38%-ды құрады.

Жұмыс істеп тұрған ШОБ субъектілерінің саны бір жыл ішінде 84 бірлікке артып, 5641 бірлікті құрады (алдыңғы жылдың көрсеткішімен салыстырғандағы өсім – 1,5%).

2019 жылдың бірінші жарты жылдығында ШОБ-та жұмыспен қамтылғандар саны 502 адамға артып 14 221 адамды құрады немесе 2018 жылдың сәйкес кезеңінен (13 719 адам) 103,7%-ға артты. Өнім өндіру (қызмет көрсету) көлемі 20 млрд 357 млн теңгеден асты немесе 2018 жылдың сәйкес кезеңінен (20 193 млн теңге) 100,8%-ға артты.

2019 жылы «Бизнестің жол картасы – 2020» бизнесті қолдау және дамыту бағдарламасы аясында кәсіпкерлердің іскерлік белсенділігін қолдау мақсатында жалпы құны 3 млрд 839,4 млн теңге болатын 46 жобаға қолдау жасалып, 205 жұмыс орны сақталды және қосымша 107 жаңа жұмыс орны ашылды. Оның ішінде:

– «Банктердегі кредит мөлшерлемесін субсидиялау» құралы бойынша жалпы құны 3 млрд 420 млн теңге болатын 25 жобаға;

►►2-бетте

ҚАЛА ӘКІМІНІҢ ТҮРҒЫНДАРМЕН КЕЗДЕСУ КЕСТЕСІ

Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 5 ақпандағы «Орталық атқарушы органдар басшыларының, әкімдердің, ұлттық жоғары оқу орындары ректорларының халыққа есеп беру кездесулерін өткізу туралы» №190 Жарлығына сәйкес 2020 жылдың 5 ақпанында Қарағанды облысы Жезқазған қаласы әкімінің тұрғындармен есеп беру кездесуі өтеді.

№	Қаланың, селоның атауы	Әкімнің аты, жөні, тегі	Өтетін күні мен уақыты	Кездесу өтетін орын
1.	Жезқазған қаласы	Қайрат Баяндыұлы Бегімов – қала әкімі	5.02. 2020 ж.	С. Қожамқұлов атындағы қазақ музыкалық-драма театры Сәтбаев көшесі, 1, сағ.15:00

Жезқазған қаласы әкімінің тұрғындар алдында есеп беру кездесулері кезеңінде халықтың ұсыныстарын, ескертулері мен пікірлерін жинау мақсатымен төмендегі мекен-жайларда 2020 жылдың 5 қаңтарынан бастап жәшіктер қойылады:

- 1.Бейбітшілік даңғылы, 45, «Самади» дүкені.
- 2.Сәтбаев көшесі, 50, «Юникс» дүкені.
- 3.9 орам, Абай көшесі, 93, «Самади» дүкені.
- 4.91 шағын ауданы, Марғұлан көшесі, 29 а, «Самади» дүкені.

5.Кенгір ауылы, Әуезов көшесі, 27, супермаркет «ULY DALA».

6.Бейбітшілік даңғылы, 26/1, «Жезқазған қаласының жұмыспен қамту орталығы».

Жезқазған қаласы әкімінің кездесуі қарсаңында (2020 жылдың 5 қаңтарынан бастап жұмыс күндері дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 09.00-ден 13.00-ге дейін, 14.30-дан 18.30-ға дейін) «Жедел желі» жұмыс істейді. Талап-тілектеріңіз бойынша көрсетілген телефонға хабарласуға болады: 73-66-08.

Жезқазған қаласы әкімінің аппараты

ХАБАРЛАНДЫРУ

Жезқазған қаласы әкімінің тұрғындарға есеп беру кездесуіне байланысты үстіміздегі жылдың 4 ақпанында Жезқазған қаласында Азаматтарды бірыңғай қабылдау күні өтеді. Қала тұрғындары қала әкіміне және мемлекеттік мекеме басшыларына өздерін толғандырып жүрген сұрақтарын қоя алады.

Қабылдау уақыты: сағат 16.00;
Азаматтарды бірыңғай қабылдау орны: қалалық әкімдіктің бірінші қабаты, Алаш алаңы, 1
Қабылдау өтінімдері: 2020 жылдың 28 мен 30 қаңтары аралығында келесі телефон арқылы қабылданады: 73-56-41

БАСПАСӨЗ – 2020!

«SARYARQA» АЙМАҚТЫҚ ГАЗЕТИНЕ
2020 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ЖАЛҒАСУДА

Құрметті оқырман!

Жезқазған-Ұлытау аймағының ақпарат айнасы «Saryarqa» газетіне 2020 жылға жазылу жалғасатынын хабарлаймыз. Газетке жазылу бағасы мен шарттары өзгерген жоқ, барлығы – жылдағыдай.

Газетке бір жылға жазылу бағасы
Жеке тұлғалар үшін
Мекенжайға жеткізіп беру – 4000 теңге;
Редакциядан келіп алу – 3000 теңге;
Заңды тұлғалар үшін
Мекенжайға жеткізіп беру – 7000 теңге;
Редакциядан келіп алу – 6000 теңге.

Қосымша ақпарат үшін байланыс телефондары:
8 7102 71 00 55, 77 50 25

«SARYARQA»
ГАЗЕТИН ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛПІЛЕРДЕН ДЕ ОҚИ ЖҮРІҢІЗ!

FACEBOOK.COM/SARYARQAGAZETI/
T.ME/SARYARQA/
@SARYARQA_GAZETI
WHATSAPP + 7 708 420 19 88

SARYARQA-АҚПАРАТ

ҮКІМЕТТІҢ КЕҢЕЙТІЛГЕН ЖИНЫС ӨТЕДІ
Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметтің кеңейтілген отырысын өткізеді.



Бүгін, яғни 2020 жылдың 24 қаңтарында Үкімет үйінде Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Қазақстан Республикасы Үкіметінің кеңейтілген отырысы өтеді.

Кеңейтілген отырыста Үкімет еліміздің 2019 жылғы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындыларының есебін береді. Сондай-ақ, Мемлекет басшысының Үкіметке ел дамуының негізгі бағыттары бойынша берген тапсырмаларының орындалу барысы талқыланады.

САТЫП АЛЫНАТЫН ДӘРІ-ДӘРМЕКТІҢ 30%-Ы ҚАЗАҚСТАНДА ШЫҒАРЫЛАДЫ

Парламент Сенатының әлеуметтік даму және ғылым комитеті мүшелері дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарға жауапты «СК-Фармация» ЖШС басшылығымен кездесу өткізіп, өзекті мәселелерді талқылады.

Отырыста «СК-Фармация» ЖШС басқарма төрағасының міндетін атқарушы Берік Шәріптің өз баяндамасында серіктестіктің 2009 жылы құрылғанын еске салды. Оның айтуынша, бірыңғай дистрибьютор қызметін атқаратын серіктестік уәкілетті органдар айқындайтын тізбе бойынша елді дәрілік заттармен, медициналық бұйымдармен үздіксіз қамтамасыз етуге жауапты.

Сондай-ақ, «СК-Фармация» ұзақ мерзімді жеткізу шарттарын жасау арқылы отандық дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды қолдап келеді. Одан бөлек, компания шетелдік өндірушілермен тікелей келісімшарттар жасасып, халықаралық ұйымдармен келісіп, дәрі-дәрмекті сатып алу бойынша тендер өткізеді.

2010 жылдан бастап тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі аясында дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сатып алуға бөлінетін қаражат 7 есе өсті. Оу баста дәрі-дәрмектің 804 түрі бойынша жұмыс бастап, қазір сатып алынатын дәрі-дәрмек пен медициналық бұйымдар тізімін 1331-ге дейін жеткіздік. Яғни, осыдан он жыл бұрын сатып алуға 31,3 млрд теңге жұмсалса, 2020 жылға арнап 232 млрд теңгенің дәрі-дәрмегі мен медициналық бұйымы сатылып алынып қойды. Жалпы, он елден дәрі-дәрмек сатып аламыз. Мұнда жалпы 30 пайыздық үлес (52,2 млрд теңге) – Қазақстанға тиесілі. Бұрын отандық үлестің денгейі бар-жоғы 5 пайыздан аспайтын. Себебі, отандық тауар өндірушілерге қолдау керек, – деді «СК-Фармация» ЖШС басқарма төрағасының міндетін атқарушы.

Берік Шәріптің сөзіне сенсек, бірыңғай дистрибьютор құрылған сәттен бастап ақшаны үнемдеуге де баса маңыз беріліп келеді. Оның айтуынша қарағанда, он жылдан бері елді дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуде 124,3 млрд теңге үнемделген.

СІЗДІ АҚЫЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕР МЕН ТАЛДАУЛАРҒА ЖІБЕРСЕ НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстанда медициналық сақтандыру жүйесі жұмыс істей бастады. Пациенттерге көмек енді кепілді тегін медициналық көмек көлемі (ТМККК) шеңберінде көрсетіледі, ол сақтандырылушылық мәртебесіне және медициналық сақтандыру пакетіне қарамастан барлығына қолжетімді.

2020 жылдың 31 наурызына дейін Қазақстанның барлық азаматтары «шартты түрде сақтандырылған» болып табылады және екі пакет шеңберінде медициналық қызметтерді пайдалана алады. Оның ішінде қымбат анализдер мен диагноз қою және емдеу үшін қажетті тексеруден өтуге болады.

– Анализдерді тегін тапсыру үшін, тексеруден өту үшін, мысалы УДЗ немесе МРТ зерттеуінен өту үшін, дәрігердің жолдамасы қажет. Оны терапевт немесе салалы маман, егер диагностика мен емдеу хаттамасы бойынша тексерудің осы түрі көрсетілген жағдайда жазып бере алады. Егер адам өз қалауы бойынша тексеруден өткісі келсе, бірақ көрсетілім болмаса, бұл өз қаражатынан өтеледі, – деп түсіндірді медициналық сақтандыру қорының Қарағанды филиалының бөлім басшысы Светлана Щеткина.

Егер қажетті (көрсеткіштер бойынша) талдаулар мен тексерулерге дәрігер ақылы негізде жіберген жағдайда, пациент бірінші кезекте пациенттің қолдау қызметіне жүгіне алады. Ол әрбір медициналық мекемеде жұмыс істейді. Егер мәселе шешілмесе, денсаулық сақтау басқармасының жедел желісіне 95-55-59 немесе медициналық сақтандыру қорының бірыңғай байланыс орталығына 1406 нөмірі бойынша қоңырау шалуы қажет.

«ҚАЗАҚМЫСТАҒЫ» ҚАНДЫ ОҚИҒА:

тергеу жүрүде

Сейсенбі күні «Қазақмыс» корпорациясының Жезқазған қаласындағы кеңесінде тау-кен байыту кешенінің бас директоры Амангелді Міншұлов пышақ жаракатын алды. Бұл туралы Қарағанды облысы полиция департаментінің баспасөз қызметі хабарлады.



Қанды оқиға 21 қаңтарда кешкі 18.20 сағатта болған. «Қазақмыс» корпорациясы тау-кен байыту кешенінің бас директоры А.Міншұловтың кабинетінде «Кәсіп Қорған» кәсіподағының төрағасы Т. Тәжобенов тұнғыдан ұрыс-керіс кезінде А.Міншұловтың арқасына пышақ салған. Сондай-ақ, сол кезде кабинетте болған корпорацияның қызметкері С.Тембаевты жарақаттаған. Кейін Т.Тәжобенов куәгерлердің айтуынша, өзіне қол жұмсап, оқиға орнында көз жұмған» делінген полиция департаменті тараптан хабарламада.

Жарақат алған А.Міншұлов пен С. Тембаев жедел жәрдем көлігімен «Қазақмыс» корпорациясының медициналық орталығына жеткізіліп, оларға ата жасалды. Қазіргі таңда «Қасақана адам өлтіруге оқталу» бабы бойынша қылмыстық іс қозғалып, тергеу жүрүде.

ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАСЫ ӘКІМІНІҢ ХАЛЫҚ АЛДЫНДАҒЫ ЕСЕБІ

ЖАҢАШЫЛДЫҚ ЖЕТІСТІККЕ БАСТАЙДЫ

(Жалғасы. Басы 1-бетте)

«Жекелеген кепілдендіру» құралы бойынша жалпы құны 413,4 млн теңге болатын 19 жобаға;

– «Гранттар ұсыну» құралы бойынша 6 млн теңгенің 2 жобасына;

– «Жетіспей тұрған инфрақұрылым (электр желісі, көріз жүйесі, телефон, су құбыры) тарту» құралы бойынша 19,4 млн теңгенің 1 жобасына қолдау көрсетілді.

172 адамға қаржылық емес қолдау көрсетілді. Оның ішінде 72 адам кәсіпкерлік негіздерін оқытатын «Бизнес-Кенесші» қысқа мерзімді курсынан, 100 адам «Бастау-бизнес» жобасынан өтті.

2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы аясында жалпы құны 342,6 млн теңгенің 42 жобасына қолдау жасалды.

«Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы аясында жалпы құны 321,2 млн теңге болатын 4 жобаға қолдау көрсетілді. В рамках Программы «Экономика простых вещей» поддежраны 4 проекта на общую сумму 321,2 млн. теңге. Бұл жобалар: «Ахтиямов» ШҚ-ның «Құс фабрикасын ашу» және «Әлі» ШҚ, «Станбеков» ШҚ, «Қатжанов» ШҚ-ның ауылшаруашылық жануарларын сатып алу жобалары.

Кәсіпкерлікті дамытудағы он ахуал нәтижесінде жаңа сауда-саттық және қызмет көрсету нысандары ашылды.

2019 жылы осындай 24 нысан ашылып, 82 жаңа жұмыс орны құрылды. Жалпы инвестиция көлемі 973 млн теңгені құрады. Биыл ашылатын осындай күрделі нысандар – реконструкцияланып, жанартылған «Шаруа» сауда орталығы ЖШС-нің «Шаруа» базары және ЖК «Исина А.Б.» «Самали» гипермаркеті.

Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау

2019 жылы жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау саласының негізгі міндеті экономиканың барлық саласында жаңа жұмыс орындарын ашу, азаматтарды нәтижелі еңбекке тарту және жұмыссыздық деңгейін төмендету болды.

Қалада нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы белсенді жүзеге асырылып, нәтижесінде 46 бағдарлама қатысушысына 379,5 млн теңге микрокредит бөлінді.

Жұмыспен қамтуға бағытталған шаралар арқасында 3716 жұмыссыз (өтінішпен кел-гендердің 103 %-ы немесе алдыңғы жылдың көрсеткішімен салыстырғанда 111,1 %) жұмысқа орналасты, 145 адам әлеуметтік жұмыс орындарына, 168 адам жастар практикасына жолдана алды. Бұл алдыңғы жыл көрсеткішінен 1,4 есе көп, сонымен бірге ақы төленетін қоғамдық жұмыстарға 617 адам жұмыссыз (өтінішпен кел-гендердің 103 %-ы немесе алдыңғы жылдың көрсеткішімен салыстырғанда 111,1 %) жұмысқа орналасты, 145 адам әлеуметтік жұмыс орындарына, 168 адам жастар практикасына жолдана алды. Бұл алдыңғы жыл көрсеткішінен 1,4 есе көп, сонымен бірге ақы төленетін қоғамдық жұмыстарға 617 адам жұмыссыз (өтінішпен кел-гендердің 103 %-ы немесе алдыңғы жылдың көрсеткішімен салыстырғанда 111,1 %) жұмысқа орналасты, 145 адам әлеуметтік жұмыс орындарына, 168 адам жастар практикасына жолдана алды.

Қолға алынған шаралар нәтижесінде жұмыссыздар саны 213 адамды құрады. Есепті жыл ішінде 2 305 жаңа жұмыс орны ашылды, оның ішінде 1 373-і тұрақты немесе жосаралық 224,9 %-ы.

Биыл 1026 жаңа жұмыс орнын, оның ішінде 269 тұрақты жұмыс орнын ашу жоспарлануда.

Мемлекеттік арнаулы әлеуметтік көмек алуға 743 отбасынан немесе 3513 адамнан өтініш түсті, оларға жалпы сомасы 391 млрд 522,4 мың теңге көлемінде арнаулы әлеуметтік көмек тағайындалып, төленді. Жұмыспен қамтуға бағытталған шаралар арнаулы әлеуметтік көмек алушылар қатарынан 120 адам тартылып, 343 адам жұмысқа орналастырылды.

2020 жылғы 1 қаңтардан бастап АӘК жаңа жүйемен төленді. Мұнда жұмысқа кәсіпкерлік мүшелері жұмыстан бас тартқан отбасыларға АӘК төленбейді, сонымен қатар, балаларға арналған АӘК-тің бекітілген төлемдері алынып тасталды. Оның орнына аз қамтылған отбасылардың балаларына кепілдендірілген әлеуметтік пакет (азық-түлік жинағы және тұрмыстық химия тауарлары, тегін тамақ пен мектеп формасы, жол жүру жеңілдіктері) ұсынылады.

Бұл жұмыстардың нәтижесінде аз қамтылған отбасыларды қиын жағдайдан алып шығып, оларды жұмыспен қамту, мемлекет қамқорлығына алу күтілуде.

2019 жылы көп балалы аналар саны 1501 адамды құрады, оның ішінде 890 адам тегін жол жүру билеттерін алды. Жұмыспен қамту орталығында түсіндіру-көмек беру көмегін ұсынатын отбасын қолдау орталығы ашылды. Сонымен бірге көп балалы аналарға өз қаражаттарына «Қазақмыс» корпорациясы ЖШС 6, ЖК «Молдашев» 1, «Отария LTD» 3 пәтер алып берді. Бюджет қаражаты есебінен 38 көпбалалы анаға пәтер сатып алынды. Биыл тағы бюджет қаражатына 10 пәтер алынып, табысталды.

2019 жылы үйден оқитын мүмкіндігі шектеулі 46 балаға 1 млрд 015,0 мың теңгенің материалдық көмегі көрсетілді. 50 отбасыға 1 млрд 925,0 мың теңге тұрғын үй жәрдемақысы тағайындалды.

Арнайы әлеуметтік жәрдемақы алатын 11 жалғызбалы мүгедек пен зейнеткерге 310,6 мың теңге көлемінде өтемақы төленді.

Соғыс ардагерлері мен оларға теңестірілгендерді әлеуметтік қолдау жергілікті атқарушы биліктің басты назарында бола береді. 6,7 мыңнан астам адамға 69,8 млн теңге әлеуметтік көмек көрсетілді. Бұл 2018 жылғы көрсеткіштен 97,7 %-ға көп.

Мүгедектерді қолдау және оналтуға ерекше көңіл бөлінді. 12 мүгедек сурдологтехникалық құралдармен қамтамасыз етіліп, 28 адам мүгедек арбасын алды,

санитарлық-курорттық емдеуге 89 адамға жолдама берілді.

Қалада мүмкіндігі шектеулі балалардың күндізгі «Аялы алақан» орталығы жұмыс істейді, онда логопед, психолог қызметі ұсынылып, емдік массаж жасалады. Балалар түрлі дамытушы ойындар ойнап, қалаға саяхат жасайды. 2019 жылы әлеуметтік тапсырыс аясында 30 бала әлеуметтік-мәдени, демалыс шараларына қамтылды.

Сонымен бірге, коммерциялық құрылымдар да қайырымдылық көмек көрсетуде, 2019 жылы аз қамтылған отбасылар, қарттар, мүгедектер мен балалар қатарынан 500-ден астам адам қамтылды.

Мүмкіндігі шектеулі 157 бала мен 316 жалғызбалы зейнеткер мен мүгедекке үйінде қызмет көрсету ұйымдастырылды.

Білім беруі

Білім беруді дамытудағы басым бағыт – балаларды (3-6 жас аралығы) мектепке дейінгі оқу және тәрбиенен қамту. 2019 жылы 180 орындық 1 жекеменшік балабақшаның ашылуы есепке алғанда 3-6 жас аралығындағы балалардың балабақшамен қамтылуы 96,6%-дан 100%-ға өсті, 1-6 жас аралығындағылардың қамтылуы 73,4%-дан 74,1%-ға өсті.

Мектеп оқушыларының толыққанды тамақтануына тұрақты көңіл бөлініп, олардың мектепке дейін және кейін жеңілдікпен жол жүруіне, оқулықпен тегін қамтылуына жағдай жасалуда.

Аз қамтылған отбасыларда тәрбиеленетін 1-11 класс оқушылары жалпы оқумен қамту қоры есебінен 128,5 млн теңгеге тегін тамақтандырылды, мектеп жанындағы жазғы сауықтыру лагерлерімен қамтылды.

2019 жылдың желтоқсанында бюджет қаражатын үнемдеу есебінен әр балаға 26 мың 123 теңге көлемінде 1240 балаға жалпы сомасы 32,4 млн теңге қаржылай көмек көрсетілді.

Бұдан бөлек, үш жыл бойы қала балалары Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданында орналасқан «Березняк» лагеріне барып жүр (2017 жылы – 30 бала, 2018 жылы – 103 бала, 2019 жылы – 103 бала).

2019 жылдың тамызында аз қамтылған және көпбалалы отбасылардың балалары, жетім балалар, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар және белсенді балалар қатарынан 55 бала Балқаш қаласында орналасқан республикалық «Балдәурен» балалар лагерінде республикалық бюджет есебінен демалып қайтты.

2020 жылы осы мақсаттарға 159,5 млн теңге қарастырылған. Сонымен бірге, 1490 оқушыға мектеп формасын алып беру жоспарлануда, жалпы оқумен қамту қоры шығыны мектепті ағымдағы ұстау шығындарының 3,8%-ын құрайды.

Жыл сайын мектептен алыс аудандарда тұратын оқушыларға қоғамдық көлікте жеңілдік ұсынылады, Геоология елді-мекенінде тұратын балаларды №13 мектепке тасымалдау ұйымдастырылды. 2019 жылы 1716 балаға жеңілдік ұсынылып, бұл бағытта 28,2 млн теңге жұмсалды. 2020 жылы 1 998 балаға жеңілдікпен жол жүру мүмкіндігі ұсынылады, бұл мақсатқа 34,5 млн теңге бөлінді.

Есепті жыл ішінде 1,3,5,6,8,9,10-сынып оқушыларына 210,3 млн теңгеге 137,4 мың оқулық сатып алынды. 2020 жылы 147,3 млн теңгеге 119,9 мың дана оқулық сатып алу қарастырылған.

Мектептерді пәндік модификация кабинеттерімен жарақатандыру жұмысы жүрүде. Есепті жыл ішінде жаңа үлгідегі кабинеттермен қамтамасыз етілу көрсеткіші 92,5 %-ды құрады. 240,5 млн теңгеге 67 кабинет сатып алынды, одан бөлек 8 робот техникасы кабинеті, 12 IT кабинеті алынды. 2020 жылы 29,7 млн теңгеге 9 бастауыш сынып кабинетін, 7,5 млн теңгеге 2 робот техникасы кабинетін, 62 млн теңгеге 125 бірлік проектор-компьютер моделін алу жоспарлануда. Жаңа үлгідегі кабинеттермен қамту көрсеткіші 92,5%-дан 100%-ға өсті.

Орта білім беру мекемелерін компьютермен қамтамасыз ету мақсатында 2019 жылы 151,4 млн теңгеге 529 бірлік компьютер сатып алынды, 2020 жылы 179,7 млн теңгеге 512 бірлік компьютер сатып алу жоспарлануда, нәтижесінде 1 компьютерге шаққандағы бала саны 6,7 оқушыдан 5,6 оқушыға төмендеді.

2019 жылы 41,6 млн теңгеге 1403 бірлік 4 секциялы шаф, 17,9 млн теңгеге мектеп жиһазы мен тақта сатып алынды, нәтижесінде мектеп жиһазымен қамту көрсеткіші 87%-дан 100%-ға өсті.

Бұдан бөлек 2019 жылы қаладағы 6 мектепке арнап 30,3 млн теңгеге асхана құрылғылары мен жиһаздары, 7,8 млн теңгеге спорт инвентарі алынды. 5 мектепке 38,1 млн теңгеге конфукициялы қорт сатып алынды, қамтамасыз ету көрсеткіші 89,5%-ды құрады. 2020 жылы 7 мектепке 22,7 млн теңгеге асхана құрылғыларын, №3,21 мектептерге 6,7 млн теңгеге инклюзивті кластарға арналған инвентарь мен құрылғылар алу жоспарлануда.

Қаланың барлық мектебі кең жолақты интернетке қосылған.

2017-2019 жылдарға арналған Жезқазған қаласын дамыту жоспарына сәйкес бекітілген, мемлекеттік сараптамадан өткен ЖСҚ бойынша 2019 жылы жазғы каникул кезінде 5 мектепте жалпы сомасы 235 млн теңгеге күрделі жөндеу жасалды.

2020 жылы қалалық бюджет қаражаты есебінен 453,3 млн теңгеге Кенгір ауылын-

дағы №2 мектеп пен №№3,21 мектептерді күрделі жөндеуден өткізу жоспарланып отыр. Сондай-ақ, 62,5 млн теңгеге №4 мектептің терезелері ауыстырылып, 27,4 млн теңгеге №8 гимназияның қоршауы жөнде-леді. 283,4 млн теңгеге 7 балабақшаның төбесі мен терезелерін жаңарту жоспарланып отыр. Облыстық бюджет қаражаты есебінен 336,7 млн теңгеге №21 мектеп пен №26 гимназияны күрделі жөндеуден өткізетін болады.

2019 жылы қарашада Жезқазған қаласы балалар мен жасөспірімдер сарайының шығармашылық даму орталығы ашылды. Бұл ғимаратта тәрбиеленушілер келесі 3 бөлім бойынша қосымша білім алады: «Туризм және өлкетану», «Экология және техникалық бағыттағы үйірме», «Декоративті-қолданбалы шығармашылық». Барлығы 26 үйірмеде 700 шақты бала қамтылмақ. 2019 жылы балалардың қосымша біліммен қамтылуы 51,3 %-ды құрады.

Қала мен жастар болашағына деген бұл қамқорлық бизнес өкілдеріне де үлгі болуы керек.

Денешылық және спорт

Қалада спорттың 26 түрі даму үстінде. Олардың 12-сі – олимпиадалық спорт



түрі, 7-еуі – олимпиадалық емес спорт түрі, 3-еуі – ұлттық спорт түрі және 4-еуі – мүгедектердің спорт түрі.

Қала тұрғындары үшін бұқаралық спортпен айналысу орындары: қалалық спорт кешендері, балалар алаңдары, спорт мектептері мен ғимараттары – «Ұлытау» спорт сарайы, «Металлург» стадионы, спорттық-сауықтыру кешені, «Тазқондық» спорт орталығы, «Намыс» спорт кешені, «Чемпион», «Бірлік», «Уәйіс Батыр», «ММ ФИТ» және «Олимп» сынды спорт клубтары.

Балалар мен жасөспірімдердің мамандандырылған олимпиадалық резерв спорт мектебінде 7 спорт түрінен секциялар жұмыс істейді (дзюдо, еркін күрес, грек-рим күресі, самбо, бокс, футбол және баскетбол), онда 18 жасқа дейінгі 1037 бала жаттығады.

Байдарка мен каноэда ескек есуден мамандандырылған олимпиадалық резерв спорт мектебінде 1 спорт түрінен 18 жасқа дейінгі 383 бала жаттығады.

«Спортты дамыту орталығы» ҚБ-ның спорттық-сауықтыру кешенінде 14 спорт түрі бойынша секцияларда 12 бапкер-жаттықтырушы жұмыс істейді, 1000 спортшы жаттығады.

«Тазқондық» спорт орталығында 4 жаттықтырушы жұмыс істейді, 348 бала жаттығады.

2019 жылы қалада ҚР-дың 9 спорт шебері, 24 спорт шеберлігіне кандидат, 1-разрядты 17 спортшы, бұқаралық разрядтағы 216 спортшы даярланды.

2019 жылы 27 446 адам қатысқан 162 спорттық іс-шара өтті. Оның ішінде, 6 ҚР Чемпионаты, 25 республикалық турнир, 10 облыс чемпионаты, 102 түрлі біріншілік пен турнирлер (оқушылар, студенттер арасында) өтті.

2005-2006 жылдары туған жасөспірімдер арасында бокстан, 2002-2003 жылы туған кіші жасөспірімдер арасында казак күресінен, 2003-2004 жылы туған жасөспірімдер мен қыздар арасында баскетболдан, КСРО спорт шебері Т.Нығызбаевты еске алуға арналған еркін күрестен барлығы 10 республикалық турнир ұйымдастырылды.

Салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында биыл қала бюджеті есебінен 3 Street workout аула тренажерлерін орнату (№10 орта мектеп, Ғарышкерлер бульвары 21 «А», Сәтбаев көшесі 69) жоспарланып отыр. 320 орындық денешылықты-сауықтыру кешенін салу бойынша жобалық-металлық құжат әзірленіп, мемлекеттік сараптаманың он қорытындысы алынды.

Биылғы жылы 600 млн теңге қарастырылған. «Ескек есу спорт түрі бойынша спорткешені құрылысы» жобасы бойынша жобалық-металлық құжат әзірленіп, мемлекеттік сараптаманың он қорытындысы алынды.

2020 жылы қалада өтетін жарыстар саны 170-ке дейін, қатысушылар саны 28 426 адамға өседі. Оның ішінде республикалық турнирлер – 10, ҚР Чемпионаты – 3, облыстық іріктеу турнирлері – 3, қалалық жарыстар – 154.

Денсаулық сақтау

Салауатты өмір салтын қалыптастыру, медициналық көмектің қолжетімділігі мен

сапасын арттыру, өлім-жітімнің негізгі себептері саналатын ауруларды ерте анықтау және уақытылы емдеу, сондай-ақ, кадрлық әлеуетті дамыту негізінде халықтың денсаулығын сақтау және нығайту денсаулық сақтау саласының негізгі стратегияларының бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау Министрінің тапсырмасын орындау мақсатында Жезқазған қаласының көпбейінді ауруханасының қабылдау бөлмелері 3Н жүйесі бойынша қайта жөндеуден өтті. Бүгінгі таңда қабылдау бөлмесінің барлық медициналық қызметкерлері осы жүйе бойынша оқытылды.

Жезқазған өңірінің тұрғындарына онкологиялық көмектің қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында облыстық онкологиялық диспансердің 20 орындық тулік бойы жұмыс жасайтын филиалы ашылды.

ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАСЫ ӘКІМІНІҢ ХАЛЫҚ АЛДЫНДАҒЫ ЕСЕБІ

ЖАҢАШЫЛДЫҚ ЖЕТІСТІККЕ БАСТАЙДЫ

(Жалғасы. Басы 1,2-беттерде)

Атап айтсақ, былтыр мысты өлкеде мемлекеттік «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Кетбұқа жырау атындағы халықаралық күйшілер байқауы, жерлесіміз, композитор Жаксыкелді Сейіловтің 70 жылдығына арналған «Өнер өлкесінің жезкігі» атты Ж.Сейілов әндерін орындаушылардың республикалық байқауы, сондай-ақ, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Тарлан» сыйлығының лауреаты, республикаға танымал режиссер Жанат Әубәкірұлы Хаджиев атындағы театрлардың III халықаралық фестивалі мен еңбек ардагерлері хор ұжымдарының XXIX облыстық фестивалі өткізілді. Жезқазғанда алғаш рет Алматы қаласындағы «Абай Опера» опера және балет театры солистерінің қатысуымен классикалық музыка кеш-концерті өтті. Сонымен қатар, Қарағанды облысының мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасының қолдауымен Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласын және «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласын жүзеге асыру мақсатында бірінші рет халықаралық музей фестивалі ұйымдастырылып, оған Ресей, Монғолия, Өзбекстан мен Қытай және Қазақстан Республикасының 18 музейі қатыстырылды.

«Қазақстан кітапханалары – заманауи білім орталықтары» жобасын жүзеге асыру аясында С.Сейфуллин атындағы кітапханада сандық форматта интелектуалды контенттің кез келген түріне қолжеткізуге мүмкіндік беретін коворкинг-орталық (5 млн 300 мың теңгеге) ашылды. Аға буын өкілдерін қолдау мақсатында Халықтар достығы мен мәдениет үйінде (4 млн теңгеге) белсенді ұзақ өмір сүрудің «Асыл қазына» орталығы ашылды.

Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасына сәйкес ономастикалық атауларды реттеу және тарихи атауларды жаңғырту мақсатында Қарағанды облысы

қолдау тапты. Женімпаздардың барлығымен бизнес-жобаларды өміршең ету бойынша келісім-шарттық міндеттемелер жасалды.

Жастардың осал топтарына әлеуметтік қолдау көрсету мақсатында Жезқазғанда Біріккен Ұлттар Ұйымының даму бағдарламасы (БҰҰДБ) жобасы жүзеге асырылуда. Осы жоба шеңберінде 20 жас 3 айға жұмысқа орналастырылып, оларға 60 мың теңге көлемінде жалақы төленеді. Жалпы аталмыш жобаға 90 жұмыссыз жасты тарту қарастырылған. ҚР Президенті 2020 жылды волонтерлер жылы деп жариялағаны белгілі. Үстіміздегі жылдың 15 қаңтарында өткізілген волонтерлер жылының салтанатты ашылуы жыл бойы қамтылатын шаралардың бастауына айналды. Быыл волонтерлер қозғалысын жандандыруға бағытталған ауқымды шаралар жоспарланған. Бүгінгі таңда қалада негізінен қайырымдылық қызметпен айналысатын волонтерлер тобының 150 мүшесі белсенді жұмыс істейді.

2020 жылы да ішкі саяси және мемлекеттік тұрақтылықты, ұлтаралық келісімді нығайтуды қамтамасыз ететін жұмыстар өз жалғасын табады.

Құқық қорғау

Жезқазған қаласындағы қылмыстық ахуал тұрақты әрі өткен жылмен салыстырғанда жалпы қылмыс 13,4%-ға (981-ден 850-ге дейін) төмендеген.

Көмелет жасқа толмағандардың қатысуымен орын алатын қылмыстардың алдын алуға бағытталған нақты жұмыстар жүргізілуде.

Жезқазған қаласының аумағында жедел жағдайды тұрақтандыру мақсатында 2019 жылы білім беру мекемелері мен денсаулық сақтау саласы мамандарының, сондай-ақ, балалар мен жастардың арасындағы проблемалармен айналысатын өзге де ведомстволардың қатысуымен 14 жедел-алдын алу іс-шарасы мен кең көлемдегі акциялар өткізілді.



«Ақсақ құлан» Кетбұқа би атындағы халықаралық күйшілер конкурсы

әкімдігі мен Қарағанды облыстық мәслихатының 2019 жылғы 14 ақпандағы №383 бірлескен Қаулысы негізінде идеологиялық көзқарас тұрғысынан ескірген 18 көшеңіз атауы өзгертілді. Жезқазған қаласының Металлургтер алаңы Қаныш Сәтбаевтың есімімен аталды. Сонымен бірге, Малшыбай селосының атауы өзгертіліп, бес көшесіне облыстық ономастикалық комиссияның шешімімен атаулар берілді.

Тілдік саясатты дамытуды көздеітін «Тілтану» оқу-әдістемелік орталығында қазақ тілі мен ағылшын тілі оқытылады. Онда 295 тыңдаушысы бар 23 топ жұмыс істей түр. Бұл 2018 жылмен салыстырғанда 1,5%-ға артық.

2020 жылғы мерейтойлық даталар атап айтқанда, «Ұлытау үні» фестивалінің 30 жылдығына және Ұлы Женістің 75 жылдығына арналып республикалық акциялар айттысы және Абай Құнанбаевтың туғанына 175 жыл толуына арналған көше мерекесі мен поэзия кешін ұйымдастыру жоспарланған. Сонымен қатар, Алтын Орданың 750 жылдығына арналған көрмелер, акциялар мен дөңгелек үстелдер және еліміздің киелі орындарына сапарлар ұйымдастыру көзделіп отыр. Одан бөлек Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдығына арналған семинарлар мен конференциялар ұйымдастырылмақшы. ҚР Конституциясының 25 жылдығына және Қазақстан халқы Ассамблеясының 25 жылдығына арналған салтанатты мерекелік іс-шаралар өткізу де қолға алынады.

Ішкі және зейнеткер саясаты

Қаланың ішкі саясат саласындағы зор міндеттерді жүзеге асыру мақсатында ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауы мен былтыр жылдың басты оқиғасына айналған Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының 10 тапсырмасын насихаттау жұмыстары қарқынды жүргізілді. 2019 жылы ақпараттық-түсіндіру топтарының мүшелері 12000 тұрғынды қамтыған барлығы 65 кездесу өткізді. Ақпараттық-түсіндіру жұмысы барысында облыстық және қалалық деңгейдегі бұқаралық ақпарат құралдарының мүмкіндіктері толықтай пайдаланып, әлеуметтік желілерде ақпараттық материалдар жарияланып, әлеуметтік 60 баннер ілінді.

Мемлекеттік «Рухани жаңғыру» бағдарламасы шеңберінде 22 жоба іске асырылды. Оның ішінде ең ауқымдысы – Ғарышкерлер бульварының күрделі жөндеулен өтуі. Бульварды жөндеу «Қазқамыс» корпорациясы ЖШС демеушілігімен жүзеге асты.

Үкіметтік емес секторда ардагерлер қозғалысы мен журналистерді қолдауға, сыйбалас жемқорлықтың, діни экстремизмнің алдын алуға, үкіметтік емес ұйымдарды дамытуға, жастар саясатын іске асыруға, отбасылық құндылықтар мен туған өлкенің тарихын насихаттауға бағытталған жалпы сомасы 43,3 млн теңгені құрайтын 12 жоба іске асырылды.

Отбасылық құндылықтар мен еңбек әулеттерін насихаттау аясында 2019 жылы бірқатар іс-шаралар өткізілді. Жезқазғандық екі отбасылық «Мерейлі отбасы» байқауының дипломанты атанып, олардың бірі Салқажолот отбасы Нұр-Сұлтан қаласында өткен республикалық «Мерейлі отбасы» конкурсына қатысты.

Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу мақсатында түрлі форматтағы 113 шара ұйымдастырылды. Елдің Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев Жастар жылы деп жариялаған 2019 жылы жастардың мәселелерін шешу бойынша кешенді шаралар өткізілді. Оның ішінде жастар қозғалысының қолбасшылары мен НЕЕТ санатындағы жастардың қатысуымен өткен семинарлар мен дөңгелек үстелдері айтпай кетпеске болмас.

«Даму» бағдарламасы шеңберінде БҰҰДБ қолдауымен талантты жастарға арналып, «Step Forward» арт-холлы ашылды.

Жастар кәсіпкерлігін дамыту шеңберінде жас бизнесмендер арасында «Үздік бизнес-жобаға» байқауы өткізіліп, онда жеңімпаздар 5 жоба бойынша анықталды. Атап айтқанда, сауда алаңы бар шағын бақ пен Кенгір селосында оқу орталығын, «Фокус» мобилдік және кәсіби фотосурет мектебі мен балаларға арналған робототехника кабинетін және би студиясын ашу жұмысы қаржылай

Бұл ретте республикалық «Көрші бақылауы» бағдарламасының оң әсері жайында айтпасақ болмас. Қылмыстық болдырмау немесе жедел ашуда тұрғындардан келіп жеткен дабыл қоңырауларына уақытылы жеткен тәртіп сақшылары талай қылмыстың алдын алды. Есептік кезеңде қырағы тұрғындардың көмегімен 89 ұсақ бұзақылық фактісі тіркелген.

Студенттер арасында қылмыстық құқық бұзушылықты болдырмау және алдын алу үшін студенттік жасақ құрылған. Сондай-ақ, полиция қызметкерлері мен құқық қорғау органдарына өз еркімен қолбасшы ететін белсенді тұрғындардан құралған полицияның қоғамдық көмекшілер институты да бар. 2019 жылы 19 еріктіге 450 мың көлемінде сыйақы тағайындалды.

Жүргізілген алдын алу шараларының өз нәтижесін бергеніне бөтеннің мүлкін ұрлау фактісінің 8,6%-ға (489-дан 447-ге дейін) төмендегені дәлел болса керек.

Қоғамдық тәртіпті қорғау және жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету негізгі бағыттар болып қала бермек. Қаланың қоғамдық тәртібін қорғау полицияның оның ішінде жол-патрульдік полициясының саптық бөлімшелерінің кешенді күшімен үш ауысымында жүзеге асырылады.

Қолға алынған ұсыныстар қосалды қылмыстарды азайтуға, сондай-ақ, ұсақ құқық бұзушылықты жедел ашу мен жолын кесуге мүмкіндік береді. Ал, бұл өз кезегінде қоғамда нәтижелі тәртіптің принципін қалыптастыруға септігін тигізетіні сөзсіз.

2019 жылдың қорытындысы бойынша қоғамдық орындарда жасалған қылмыстардың саны 13,4%-ға (253-тен 219-ға дейін), көшеде жасалғандар 10,5%-ға (95-тен 85-ке дейін), атыс қаруымен жасалған қылмыс 50%-ға (2-ден 1-ге дейін), адамдар тобымен жасалған қылмыстар 32,7%-ға (101-ден 68-ге дейін), сондай-ақ, бұған дейін қылмысқа қатысы барлар жасаған құқық бұзушылықтар 0,5%-ға (194-тен 193-ке дейін), көмелет жасқа толмағандардың қатысуымен орын алған қылмыстар 72,7%-ға (22-ден 6-ға дейін), мас күйінде жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтардың саны 6,7%-ға (75-тен 70-ке дейін) азайды.

Өткен жылдың деңгейінде отбасы-тұрмыстық қатынастар саласында жасалған қылмыстың саны 7-ге жетті.

Есептік жылда орын алған жол-көлік оқиғаларының саны 25,7%-ға (35-тен 26-ға дейін) азайған. Сонымен қатар, жол-көлік оқиғасы салдарынан зардан шегіп, жаракат алғандардың саны да 14,6%-ға (41-ден 35-ке дейін) және көз жұмғандардың саны 64,3%-ға (14-тен 5-ке дейін) төмендеген.

2019 жылы бірнеше мәрте «Қауіпсіз жол», «Автобус», «Құқықтық тәртіп», «Мастығын тексеру» және т.б. жедел-алдын алу шаралары жүргізілді.

Бірнеше жылдан бері Жезқазған-Сәтбаев тас жолында өліммен аяқталатын жол-көлік оқиғалары жиілегені өздеріңізге белгілі. Осы ретте, Жезқазған-Сәтбаев автомобиль жолының 11-22 шақырымында жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында ағымдағы жылы жол бойындағы жарықтандыру тіректерінің энергия үнемдейтін шамдармен алмастыру және асфальт-бетон жабындысын ауыстыру бойынша жұмыстар орындалды. Сонымен бірге жолдың ортасында бейнебақылау камералары мен жүргізушіге жолдың қарама-қарсы бетіне шығуға келергі келтіретін қоршаулар орнату жоспарланып отыр.

Учаскелік пункт бөлімшелерінің жағдайын жақсартып, олардың материалды-техникалық жабықталуын нығайтуға да ерекше көңіл бөлінді. Қызметті сапалы атқару жағдайын қамтамасыз ету мақсатында қаланың жол-патрульдік қызметіне облыстық бюджет есебінен 32 бейнежетон мен 4 дана қызметтік автокөлік сатып алынды.

Құрылыс

Қазіргі таңда біздің өңірде құрылыс индустриясын дамытуға, қолжетімді жалға берілетін тұрғын үй кешендерін салуға, жер учаскелерін бөлу рәсімдерінің ашықтығын қамтамасыз етуге және жер тұрғын үй құрылысын дамытуды ынталандыруға көп көңіл бөлінуде.



Жоғарыда атап өткеніміздей, құрылыс-монтаж жұмыстарының көлемі 2018 жылға қарағанда екі есеге артты.

Есептік кезеңде барлығы 17 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Бұл өткен жылдың көрсеткішінен 2,2%-ға артық.

Мемлекеттік «Нұрлы жер» тұрғын үй құрылысы бағдарламасы аясында Шевченко көшесі, 23А мекенжайында жалпы ауданы 1194,9 шаршы метрді құрайтын несиелік тұрғын үй (3 қабатты 18 пәтерлі) пайдалануға берілді. Нәтижесінде 18 отбасы тұрғын үймен қамтамасыз етіліп, тұрғын үй алу кезегі 0,7%-ға қысқарды.

2019 жылы жеке құрылыс салушылар есебінен Есенберлин көшесі, 5/3 мекенжайында жалпы ауданы 2862,2 шаршы метр болатын тұрғын үй (5 қабатты 30 пәтерлі) пайдалануға берілді.

Сондай-ақ, тағы екі тұрғын үйдің құрылысы басталды. Олар: Алашахан даңғылы, 22А мекенжайында жалпы ауданы 3691,5 шаршы метрді құрайтын бес қабатты 50 пәтерлі және Дев көшесі, 7А мекенжайында орналасқан жалпы ауданы 3000 шаршы метрлі бес қабатты 30 пәтерлі тұрғын үйлер. 2020 жылдың бірінші жарты жлыдығында пайдалануға берілетін осы тұрғын үйлер мемлекеттік «7-20-25» бағдарламасы аясында берілетін болады.

2019 жылы Алашахан, 34 Д мекенжайы бойынша жалпы құны 399,9 млн теңгені құраған 60 пәтерлі жалдамалы тұрғын үйдің құрылысы басталды. Быыл 3,7 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға беріліп, тұрғын үй кезегі 2,7%-ға қысқарды деп күтілуде.

Бұдан бөлек «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында тұрғын үй алу кезегін төмендету мақсатында 2020 жылы 4 көп қабатты (120 пәтерлік екі жалдамалы және 78 пәтерлі екі несиелік) тұрғын үйдің құрылысы басталмақшы. Және осы үйлердің үшеуі 2020 жылы, ал біреуі 2021 жылы пайдалануға беріліп, оларға инженерлік-коммуникациялық желілер тартылады.

2019 жылы «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында жалпы сомасы 948 млн теңгеге Батыс ауданындағы жеке тұрғын үйлер мен көп қабатты тұрғын үйлерге су, жылу, электрмен жабдықтау, қаріз және байланыс желілері тартылды (500 жер телімі үлестірілді).

Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы бойынша қала халқының сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында жалпы ұзындығы 196 км болатын 1,2,3 кезектегі қалаішілік су құбыры желілерін қайта жаңарту жұмыстары жалғасуда. Бұл жоба 2022 жылы аяқталуымен ауыспалы болып табылады. Сондай-ақ, 2019 жылы шаруашылық-ауыз су тазарту құрылыстарын қайта жаңарту (3 кезек) басталды. Сыйымдылығы 1700-ден 4600 текше метрді құрайтын бес таза су резервуары мен 4,6 км алаңішілік желілерін салу және екінші көтергіш сорғы станциясын қайта жаңарту жоспарланып отыр. Жоба 2021 жылы аяқталуы тиіс.

Жезқазған қаласы тұрғындарын сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында келесі жобаларды жүзеге асыру жүргізілуде:

– «Жезқазған қаласын сумен жабдықтау есебімен Есқұла су тартқышының құрылысы». Аталған жобаны «Қазқамыс Корпорациясы» ЖШС қаржысы есебінен аяқтау үшін жобалық-сметалық құжаттама түзетілуде. Құрылыс-монтаж жұмыстарына қажетті қаржы көлемі шамамен 2,7 млрд теңгені құрап отыр.

– «Қожамсейіт жерасты суларын игеру үшін Үйтас-Айдос су тартқышын қайта қалыпта келтіру». «Қазқамыс Корпорациясы» ЖШС 2020 жылдың тамызында дайын болатын мемлекеттік сараптамасы бар жобалық-сметалық құжаттамаларды әзірлеуде.

2019 жылы бірінші кезекті қалаішілік су құбырлары желілерін және бірінші кезекті жылумен-сумен қамтамасыз ету жүйесін қайта жөндеу жұмыстары басталды.

2019 жылы 317,3 млн теңгеге қалаішілік су құбыры желілерінің 1-кезегін қайта жаңарту жұмыстары басталып, 62,2 млн теңгеге қаріз желілерін тазарту қондырғыларын қайта жаңарту мен жаңғырту бойынша ЖСК әзірлеу аяқталды.

«Нұрлы жол» бағдарламасы аясында «Жезқазған қаласының 1 кезенді жылу жүйелерін қайта қалпына келтіру және жаңарту» жобасы жүзеге асырылып, оған республикалық бюджеттен 2018 жылы 392,8 млн теңге, 2019 жылы 561,2 млн теңге, 2020 жылы 591,7 млн теңге қаржы бөлінді. Алдағы уақытта тағыда 9,3 км жылу жүйесін (№ 3, 9, 11 жылу магистральдарын) қайта қалпына келтіру жоспарлануда.

Осы жобаны іске асыру нәтижесінде тозығы жеткен құбырлардың көлемі 1%-ға (61%-дан 60%-ға дейін) азайды. Мектептердегі үш ауысымдық оқулық жою мақсатында жалпы құны 1,8 млрд теңгені құрайтын 900 орынға шақталған мектеп қабырғасының құрылысы басталды. Аталмыш мектеп құрылысы былтырғы жылы толық аяқталды.

Архитектура және қала құрылысы

Жезқазған қаласының басты құрылыс жоспары облыстық мәслихаттың 11.12.2015 жылғы № 459 шешімімен бекітілген болатын.

2014 жылы «Аймақ дамуы – 2020» мемлекеттік бағдарламасы негізінде қаланың батыс бөлігінде 200 га, 8000 адамға арналған көп қабатты үйлер құрылысын бастау жобасы дайындалған болатын. Бұл жоба Жезқазған қаласы әкімдігінің 26.01.2015 жылғы № 02/19 шешімімен мақұлданды.

2018 жылы Кенгір елдімекенінің жай-күйін егжей-тегжейлі тексеріп, арнайы дайындалған басты жоспарлау жобасы Жезқазған қаласы мәслихатының 27.11.2018 жылғы № 28/262 шешімімен қарастырылып, бекітілді.

2018-2019 жылдары Талап және Малшыбай елдімекендерінің арнайы жоспарлау жобасы жүзеге асып, Жезқазған қаласы аумағындағы ауданы 500 гектарлық инженерлік желілері қайта қалпына келтірілді және топографиялық бейнелері даярланды. Жақын арада аяқталуға жақын жобаның жалпы құны 20,2 млн теңгені құрайды.

Аталған жоба негізінде 2020 жылы Қорғанбай, Теректі елді-мекендері мен 60 шақырымдық қашықтықтағы

топографиялық бейнелер дайындалып, қаланың батыс аймағынан 250-300 га көлемінде азқабатты үйлер құрылысын бастап, даму жоспарын бекіту жоспарлануда.

Тұрғын үй инспекциясы

Қаламызда 652 көп пәтерлі үй бар. Оның 262-сі ескірген болса, 25-сі апаттық жағдайдағы, 9-ы жанартылған, 16-сы бұзылатын үйлер.

2019 жылы 5 көп пәтерлі үй техникалық тексерістен өтті.

16 апаттық жағдайдағы үй тұрғындарын үш жыл ішінде жана үйлерге қоныстандыру тұрғысындағы жана бағдарлама жүзеге асырылмақ. 2020 жылы 7 үйдің тұрғындары жана қонысқа ауысады.

Үш лифтінің қалпына келтіру мақсатында пәтер иелеріне арнайы түсіндіру жұмыстары жүргізілуде. Соған сай әкімдік лифтілерді қалпына келтірген жағдайда, пәтер иелері мемлекетке жөндеу жұмыстарына кеткен шығынды өтеуге міндеттелуде.

Қала бойынша жалпы 858 жалпыұйлік жылу және су шығындарын есептеу құрылыстары орнатылды.

Тұрғын-үй шаруашылығы

Тұрғындар үшін маңызды мәселелердің бірі – коммуналдық секторлар жағы.

Соған байланысты қазіргі таңдағы негізгі міндеттердің бірі қала халқын жылумен, сумен және электрмен үздіксіз және сапалы түрде қамтамасыз ету.

2019-2020 жылдардағы жылу беру маусымына дайындық, яғни жөндеу жұмыстары 5 млрд 249,3 млн теңгені құрады. Бұл 2018 жылға қарағанда (5,0 млрд) 249,3 млн теңгеге артық.

2019 жылы ЖЭО сегіз қазандық пен 3 турбинаға жөндеу жүргізілді. Бұл мақсатта 2,5 млрд теңге көлемінде қаржы жұмсалды.

ЖСЖК 20,2 км жылу, 11,3 км су құбырлары және 1 км канализация желілеріне жалпы сомасы 1,5 млрд теңгеге жөндеу жұмыстарын жасады.

«Қазқамыс Дистрибушн» мен «ЖЭТҚ»-ның 78,5 млн теңгеге 344,2 км электр желісі мен 96 қосалқы станцияларын жөндеуден өтті.

Жылу желілерін қайта құру жобасы (1-кезен) «Нұрлы жол» бағдарламасы бойынша жалғасын тапты.

Бюджеттен бөлінген 1,5 млрд кредиттің 480,4 млн-ына 2,5 км құбыр тартылды. Жобаның жалпы құны – 3,2 млрд теңге. Аталмыш жобаның жүзеге асырылуы нәтижесінде қала магистральді желілері 5,8 км-ге созылып, 5069 тұрғын үй мен 55 әлеуметтік және мәдени нысандардың жылумен қамтамасыз ету жүйесі жақсарды, жылу желілерінің тозуы 1,5%-ға азаяды.

Жылу желілерін қайта қалпына келтіру жұмыстары нәтижесінде (2-кезен) арнайы құрылғылар сатып алынды, сондай-ақ, 800 м-лік аумаққа 565 млн теңге сомасына параллель құбыр толық мүмкіндігі бар бетон тіректері орнатылды.

Аталған жұмыстарды жүзеге асыру мақсатында 2020 жылы 2,2 млрд теңге қаржы бөлінді.

Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің бесінші бастамасы аясында республикалық бюджет қаражаты есебінен Жезқазған қаласында жалпы құны 14,5 млрд теңгенің газ тарту желілерін салу жобасы жүзеге асырылуда.

Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің бесінші бастамасы іске асыру аясында республикалық бюджет қаражаты есебінен Жезқазған қаласына жалпы құны 14,5 млрд теңгенің газ тарту желілерін орнату жобасы жүзеге асырылуда.

Қазіргі таңда Талап елді-мекенінде 6,655 км-лік пластральді құбырларын, 2,5 км болат магистральді құбырларын орнату жұмыстары аяқталды.

Пристанционный поселкесіне орнатылуға тиісті 11,5 км пластик құбырлардың 7,5 км-і, 15,5 км болат магистральді құбырларын 15,0 км-і тартылды.

Биылғы жылғы жағдайы жұмыстарына 2,6 млрд теңге бөлінді.

Қалаішілік сумен жабдықтау желілерінің 3,4 млрд теңге тұратын үш кезеңінде де қайта қалпына келтіру жұмыстары жалғасуда.

615 млн теңгеге № 4 жол өткелі (Привокзальная көшесі

ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАСЫ ӘКІМІНІҢ ХАЛЫҚ АЛДЫНДАҒЫ ЕСЕБІ

ЖАҢАШЫЛДЫҚ ЖЕТІСТІККЕ БАСТАЙДЫ

(Соңы. Басы 1,2,3-беттерде)

Осымен екінші жыл қатарынан Кеңгір елдімекенінде жергілікті қауымдастықпен келісе отырып, ауылды дамытуға бағытталған 62,8 млн теңге көлеміндегі жеке бюджет жұмыс істеуде.

Ауылдар аумағын көркейту мақсатында 2019 жылы Кеңгір және Талап елді-мекендерінде 400 ш.м-ге жуық елдімекеншілік жолдарға жалпы көлемі 2,9 млн теңгеге жөндеу жұмыстары жүргізіліп, сонымен қатар, Машыбай елді-мекеніне 233 мың теңгеге көше тренажерлары орнатылды.

Биылдан бастап Талап және Сарыкеңгір елді-мекендерінде бюджеттің төртінші деңгейі негізінде жалпы көлемде 37,7 млн және қосымша 41,9 млн теңге бөлінді.

Алдағы уақытта қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуы мемлекеттік бағдарламалар, Жезқазған аймағының 2019-2022 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық дамуының кешенді жоспарлары шеңберіндегі шараларды іске асыруға негізделетін болады.

2019 жылы 2022 жылға дейін аймақтың әлеуметтік тұрақтылығын нығайтып, қала тұрғындарының әл-ауқатының артыруға негізделген Кешенді жоспар жасалды. Аталмыш кешенді жоспар бойынша аймақ дамуын жүзеге асыруға бағытталған жалпы сомасы 52,1 млрд теңгені құрайтын 32 іс-шараны жүзеге асырылмақ.

Құрметті әсерлер!

Мемлекеттік органдар қызметіндегі басты әрі негізгі бағыт – халықпен тиімді әрі нәтижелі кері байланыс орнату. Осы бағыт аясында өткен жылы атқарушы органдар 86 сала бойынша 51 000-ға жуық қызмет түрін ұсынды.

Айтап кетерлік маңызды жайттардың бірі – электронды қызмет көрсету өткен жылы 2018 жылға қарағанда 1,1 есеге артқан (2,2%). 1279 өтінішке түсініктеме берілді.

Түскен шағымдардың басым көпшілігі 31,3% (959) коммуналдық шаруашылыққа қатысты: үй беру және жекешелендіру, пәтерлер мен үйлерді, шатырларды жөндеу жұмыстары, жылумен, сумен жабдықтау, электр энергиясымен қамтамасыз ету, абаттандыру, ПИК жұмысы және т.б.

Жер телімін беру, сатып алу мен жалға беру жөнінде барлығы 1077 өтініш түсті;

Еңбек пен жұмыспен қамту, әлеуметтік қамтамасыз ету бойынша – 136;

мәдениет мәселесі бойынша – 35;

білім беру мәселесі бойынша – 45;

кәсіпкерлік мәселесі бойынша – 26;

782 шағым түрлі мәселелер бойынша.

Есептік кезеңде қала басшысының блогына 126, облыс әкімінің блогына 83 өтініш келіп түскен.

Қарағанды облысының әкімі қалалар мен аудан әкімдеріне және қала әкімінің жеке өзіне 389 тапсырма берді. Бүгінгі таңда олардың 337-і орындалды, 52 тапсырма қатаң бақылауда.

2019 жылы жеке кездесулер өткізіліп, 470 қала тұрғыны қабылданды.

Оның ішінде Жезқазған қаласы әкімі 17 жеке қабылдау өткізіп, 189 азаматтың өтінішін тыңдады.

Қала әкімінің орынбасарлары мен әкім аппаратының жетекшісі 281 тұрғынды қабылдады.

Көтерілген 291 мәселенің сегізін бойынша нақты шешімі табылып, 142 мәселе бойынша тұрғындарға түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, кеңес берілді және оларды шешу жолдары нұсқалды.

Мемлекет басшысының «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидаһын іске асыру аясында тұрғындар мен атқарушы билік органы арасында кері байланысты



жылға (3080) қарағанда 0,6 есе төмен. Оның 1637-сі қанағаттандырылып, оң жауаппен тапса (53,5%), 67-сі шешімісіз қалды (2,2%). 1279 өтінішке түсініктеме берілді.

Түскен шағымдардың басым көпшілігі 31,3% (959) коммуналдық шаруашылыққа қатысты: үй беру және жекешелендіру, пәтерлер мен үйлерді, шатырларды жөндеу жұмыстары, жылумен, сумен жабдықтау, электр энергиясымен қамтамасыз ету, абаттандыру, ПИК жұмысы және т.б.

Жер телімін беру, сатып алу мен жалға беру жөнінде барлығы 1077 өтініш түсті;

Еңбек пен жұмыспен қамту, әлеуметтік қамтамасыз ету бойынша – 136;

мәдениет мәселесі бойынша – 35;

білім беру мәселесі бойынша – 45;

кәсіпкерлік мәселесі бойынша – 26;

782 шағым түрлі мәселелер бойынша.

Есептік кезеңде қала басшысының блогына 126, облыс әкімінің блогына 83 өтініш келіп түскен.

Қарағанды облысының әкімі қалалар мен аудан әкімдеріне және қала әкімінің жеке өзіне 389 тапсырма берді. Бүгінгі таңда олардың 337-і орындалды, 52 тапсырма қатаң бақылауда.

2019 жылы жеке кездесулер өткізіліп, 470 қала тұрғыны қабылданды.

Оның ішінде Жезқазған қаласы әкімі 17 жеке қабылдау өткізіп, 189 азаматтың өтінішін тыңдады.

Қала әкімінің орынбасарлары мен әкім аппаратының жетекшісі 281 тұрғынды қабылдады.

Көтерілген 291 мәселенің сегізін бойынша нақты шешімі табылып, 142 мәселе бойынша тұрғындарға түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, кеңес берілді және оларды шешу жолдары нұсқалды.

Мемлекет басшысының «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидаһын іске асыру аясында тұрғындар мен атқарушы билік органы арасында кері байланысты

нығайту мақсатында Жезқазған қаласының әкімдігі әлеуметтік желілердегі акаунттар санын ұлғайтты. Қазір фейсбук пен инстаграм әлеуметтік желісінде 4 парақша (2018 жылы 2 парақша) белсенді жұмыс істеп тұр. Олар: қала әкімі (Қайрат Бегімов) мен қала әкімдігінің («Бірінші жезқазғандық», akimathez) парақшалары.

«Сыбайлас жемқорлықтан азат аймақтар» жобасы шеңберінде Жезқазған қаласының әкімдігінде «Сарыарқа – адалдық алаңы» жобасы жүзеге асырылуда.

2019 жылдың 17 маусымда Жезқазған қаласы әкімдігі гимаратының бірінші қабатында «Open Space (Ашық әкімдік)» кабинеті ашылды. Онда өтініштерді қараудың сапалы ашық процесі ұйымдастырылып, барлық қала тұрғынына туындаған сұрақтары бойынша еш кедергісіз нақты жауап алуына жағдай жасалған. Сол кабинетте қала әкімінің жеке қабылдауы да жүргізіледі.

Аталған жобаның негізгі мақсаты – мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру, азаматтар мен бизнес өкілдері үшін кедергісіз және қолайлы жағдай жасау, мемлекеттік органдар қызметінің ашықтығы мен айқындылығын, сондай-ақ, ауқымды қоғамдық бақылауды қамтамасыз ету.

Сонымен бірге қазіргі уақытта «Телеграмм» мессенджерінде «Белсенді азамат» чаты құрылып, онда әкімдіктің бөлімдері мен әкімдік қызметі қала тұрғындарының өтініш, тілектеріне дереу жауап береді.

Қала әкімдігі БАҚ және жоғарыда аталған әлеуметтік желілердегі арнайы ашылған парақшалар арқылы тұрғындармен тұрақты кері байланыс орната білді. Қала тұрғындарының әлеуметтік желідегі белсенділігі де артып отырғанын айтайық кетпеске болмас. Өтініштер тікелей қала әкімінің атына, сондай-ақ, әкімдік атына келіп түседі. 2018 жеке жарияланым түріндегі өтініштердің саны 200-ден асса, биыл бұл сан 3 есеге артып, 650 өтінішке жетті.

Жедел шешілетін сұрақтарға жауаптар бірден беріле, шешімі белгілі бір уақытты талап ететін мәселелер

ге қатысты өтініштерді пысықтауға алынғаны жөнінде иесіне хабар беріледі. Одан әрі нәтижелері бойынша толық жауап беріледі. Келіп түскен өтініштердің басым бөлігі тұрғын үй-коммуналдық саласына тиесілі.

Әлеуметтік желілерде ашылған жеке парақшалар арқылы халықпен диалог орнатылған. Онда қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуы мен күнделікті жүргізіліп жатқан жұмыстарға қатысты жарияланымдар орналастырылады. Оқырмандар жарияланымдарды қызу талқылауға салып, ұсыныс білдереді. Әр жарияланымның астына 20-дан 70-ке дейін пікір қалдырылып, оларға нақты жауап беріледі.

Әкімнің жыл сайынғы есептік кездесулері дәстүрге айналды. Біз қала халқын қандай мәселе көп алаңдата-тынын білеміз. Өткен 4 есеп беру кездесуіне 542 адам қатысып, 8 ескерту мен ұсыныс айтылды. Ол мәселелер әлеуметтік және тұрғын үй-коммуналдық сипатта болып, барлығы шешімін тапты.

Өткен жылы 17 мемлекеттік награда берілді, оның біреуі «Алтын алқа», он алтысы «Күміс алқа». Қала күнін атап оту аясында 300 еңбек ардагері мерейтойлық «Жезқазған 65 жыл» медалімен марапатталды. Тәуелсіздік күніне орай бірқатар жезқазғандықтар жоғары марапаттармен еленді. Атап айтқанда бір қала тұрғыны Қазақстан Республикасының құрмет грамотасымен, тағы бір азамат III дәрежелі «Еңбек даңқы» орденімен марапатталып, бір жезқазғандық Қарағанды облысының құрметті азаматы атағына лайықты деп танылды.

Есептік кезеңде әкімдіктің 43 отырғыс өткізіліп, онда 761 қаулы қабылданды. Сонымен қатар, қала әкімінің 160 өкімі мен 1 шешімі қабылданды.

Құрметті жезқазғандықтар!

Көріп тұрғандарыңыздай, өткен жылы аз жұмыс жүргізілген жоқ. Қала қарқынды даму үстінде, тұрғын үй салынып, инфрақұрылым жақсаруда. Қаланы абаттандыру мен көріктендіруде де ілгерілеу бар. Бүгінгі таңда біздің өмірдегі ең өзекті мәселе ауыз сумен қамтамасыз ету де шешімін табуда. Бұның бәрі әрине – қала өміріне бей-жай қарамайтын белсенді тұрғындар мен кәсіпорын, бизнес құрылымдары басшыларының бірлескен жұмысының нәтижесі.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауында атап өткеніндей, «халқыміз Тәуелсіздік жетістіктерін нығайтып, елімізді дамуының сапалы әрі жаңа деңгейіне шығару мүмкіндігі ұсынылған».

Биыл еліміз Абай Құнанбаевтың 175 жылдығын, әл-Фарабидің 1150 жылдығын, сондай-ақ, Ата заңымыз бен Қазақстан халқы Ассамблеясының 25 жылдығын, Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 75 жылдығын атап өтеді. 2020 жылы Үкіметтің жаңа бағдарламалық кешені іске қосылып, еліміз Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына дайындықты бастайды.

Жас ұрпақты шынайы патриотизм рухында тәрбиелеп, қоғамдық сананы жаңғырту мен ұлттық жандандыруға бастайтын осы айтулы оқиғалар аясында біз бірлесе отырып үлкен жетістіктерге жететінімізге сенім арттымын. Қазіргі таңда бар проблемалар мен оларды шешу жолдары бойынша халықпен ашық диалог, сындарлы пікір алмасуды орнату қала тұрғындарының әлеуметтік көңіл-күйін жақсартып, сонымен қатар, қаланы өмір сүруге ыңғайлы әрі жиілі етеді, жаңа идеяларды тартуға және межеленген мақсаттарға қол жеткізуге мүмкіндік береді.

БҮГІНГІ КҮН ТАҚЫРЫБЫНА

СҮЙЕК КІМДІКІ, БИЛІК – СОНЫКІ

Кейінгі бірер жылдың мұғдарында жаназа, өлік жөнелту жөнінде әртүрлі әңгімелер айтылып жүр. Соңғы айларда бұл сөз қайтадан өршіді. Аймақтық басшыларда бірнеше мақалалар жарияланды. Осы тақырыпқа арналған әртүрлі басқосулар да болып жатыр. Сәтбаев қалалық Ақсақалдар алқасының жақында өткен отырысы да осы тақырыпқа арналды. Мұнда да әркім өз ойын айтты. Өз басым «Кейінгі болып жатқан өзгерістерге әзірге миымның жете қоймағанын» айта келіп, «Жаназаға байланысты әрбір ру өздері қалай шешеді, солай болсын» деген ұсынысқа қосылдым. Негізі бұл әңгіме қайдан шығып жатыр? Сүйенетін негізіміз не? Басты мақсат қандай? Сұрақ көп, жауап та әркімдікі. Біз де білген-түйгеніміздің көптің талқысына ұсынууды жөн көрдік.

Сонымен, көпшілік «Жаназадан кейін дәм берілмесін, тек қабіршілерге мешіт аханасынан, не қайтқан кісінің көрші-көлемдерінің бірінен беруге болады» дегенге потуаласып жатқан сынайы. Ал, «Бұл қайдан шықты?» дегенге келсек, «Мұфтияттың 2017 жылы шығарған потуасы бар, сол потуда ысырапшылыққа жол бермеу керектігі көрсетілгені» айтылады. Яғни, басты мақсат – ысырапшылыққа жол бермеу. Хош делік. Ал, «жаназаға әйел адамдар бармасын» деген де сол аталған потуда жазылған ба екен? деген сұрақ қойсаңыз, алатын жауабыңыз «ия, жазылған» дегенге саяды.

Ең алдымен, ысырап деген не? Соны біліп алғанымыз дұрыс-ау. Өйткені, жаназаға ірі мал сою қазір ысырапқа жол беру ретінде түсіндіріліп жатыр. Мәселе, меніңше, ысырап қандай мал сойғанға байланысты емес, малдың кімге арнап сойылғандығында. Келетін кісі қарасын шамамен мөлшерлеп білуге болады ғой. Мысалы, қайтқан адам елге белгілі тұлға болса немесе өсіп-өнген шаңырақ иесі болса, оның қазасына ел аясы-жақыннан жиналмай ма? Жиналады, әрине. Мұндайда, бес жылқы сойсаң да жетпей қалуы мүмкін. Керісінше, бір қойдың өзі де асып-төгіліп, артылып қалар болса, ысырап деген сол емес пе? Сондықтан, ысырапқа жол беру дегенді байқап-байқап айту ләзім.

Енді-енді дінге рұқсат беріліп жатқан тұста имамдардың бірінен «Мынау арабтарда өлген адамның жетісін, қырқын, жылын беру деген жок екен ғой. Бұл қалай сонда?» деп сұрағанымызда, «Арабтарда өлікке құрмет деген жок. Өлдің бе, біз секілді, екі-үш күн арулап күтпейді, дереу жаназасын шығарады да жер қойнына береді. Содан кейін бейсенбілік шай, жетісін, қырқы және т.т. бермейді. Біз секілді төртқұлақ тұрғызып та жатпайды. Басқаша айтқанда, адам өле ме, көп ұзамай ұмыт болады. Мұны олар «енді ол Құдайдың құзырында» деп түсіндіреді. Біздің олардан айырмашылығымыз бізде өлікті құрметтеу бар» деген еді. Кейін біздің арамызда да «таза дін жолымен жүру» керектігін айтып, «жетілігі», «қырқы», «жылы» дегендерге тыйым салғандар аз емес. Өткен жылы Сәтбаев қаласындағы бір кісінің кемпірі қайтып, алғаш рет жаназадан кейін дәм берілгенде, «оңың балалары салафиттік жолға түсіп кеткен, сондықтан дәм бермеді. Анау шал байғұс балаларынан асып кете алмады» деген әңгіме айтылғанын құлағымыз естіген еді. Жаназадан кейін дәм бермеу соңғы кездері жаппай үрдіске айнала бастағанын көзіміз көре бастады. Сонда енді бәріміз де шетімізден салафиттік жолға түсе бастадық па, әлде бұрын «теріс ағым» деп саналатын олардың айтып жүргендерінің дұрыс болып шыққаны ма? Кейінгі болып жатқан өзгерістерге әзірге миымыздың жетпей жатқанының бір тұсы – осы. Егер осылайша жылжи берсек, ертен жетісін, қырқын, жылын беруді де доғаруымыз мүмкін ғой. Тіпті, көпке ұзамай «төртқұлақ, күмбез салып керге не?» дейтін әңгімені де естіп қалуымыз әбден мүмкін. Мұның бәрі айналып келгенде өлікке деген құрметті жокқа шығаруға апармай ма? Мұфтияттың 2017 жылы шығарған «Жаназа

және жерлеу рәсімдері» атты кітапта өлік жөнелтуді жүйелеу көзделген. Бірақ, осындағы белгіленген тәртіптерді біздің түсінуіміз қалай? Рас, мұнда ысырапқа жол беруге болмайтындығы айтылған. Бірақ, бір қой сойсаң – ысырап болмайды, бір түйе сойсаң – ысырапқа жатады деген нақтылық көрсетілмеген. Ең бастысы, мұнда «жаназадан соң дәм берілмесін» деген тыйым жоқ. Керісінше, сол кітаптың 48-49-беттерінде «Кісі қайтыс болған үйде немесе мейрамханаларда ас беруге шариғат қалай қарайды?» деген нақты сұрақ бар. Сол сұраққа берілген «Қаза болған үй иесінің мәйіт жерленгеннен кейін қоғамдық дәмханаларда ас беруіне болады. Бірақ, ас беру мұсылманға шариғат бекіткен міндет болмағандықтан, ас беруім керек екен деп қолыңдағы бар дүниесін шашуға немесе шаш етектен қарыздануға болмайды. Әркім ол істі шама-шарқына қарап атқаруға тиіс» деген жауап бар. Осы жауапта жаназадан кейін ас берілмесін деп тікелей бұйрық беріліп тұр ма? Жок. Рас, ас бермесін де болатынын айтылған. Бұл жерде мұфтият ас беру, бермеу мәселесін халықтың өз шиятыратына қалдырған және мұнысы өте дұрыс. Жалпы мұфтияттың Жаназа және жерлеу рәсімдерін жүйелегенде дін жолын да, ата-бабаның қалыптасқан дәстүрлі ғұрыптарын да қатаң ескергендігін ұмытпауымыз керек. Сондықтан да, бұл потуда «жетісін», «қырқы», «жылы» дегендердің шариғатта көзделмегені, бірақ, берілсе де дінге қайшылығы жоқтығы да айтылған. «Жаназадан соң нәліктен дәм берілмеу керек?» дейтін сұраққа «Мәйіт жерленбей, жамбасы жерге тимей дәм беруге болмайды» деген ұяй айтылуда. Жезқазғанда қайтқан кісіні, намазын осында шығарғанмен кейде «туған жеріне апарып қоямыз» деп, басқа өңірлерге алып кетіп жатады. Олар мәйітті жерлемек түглі, бірекі күнде баратын жеріне жете қоймауы да ықтимал. Мұндай жағдайда не істеу керек? Алтыс -жақыннан келген туған - туыс, құда - жекжатты дәмсіз қайтару қазақты дәстүр-ғұрыпқа келе ме, жоқ па? Жалпы «жерленгеннен кейін», «жамбасы жерге тиген» дегенді қазіргі заманға қабыса қоймайтын, ескірген ұғымдар деп ойлауға болмай ма? Өйткені, бұрындары әр ауыл бір - бір төбені қоныс ететін. Қорым да іргелерінде. Сондықтан, бәлкім мұфтият алдағы уақытта потуның осындай тұстарын қайта қарап, түзететін де болар. Қайтқан кісінің жаназасы шықпай, оның аруағына Құран оқылмайды, дұға бағышталмайды ғой. Дұрыс па? Дұрыс. Ал, жаназасы шығарылған соң дұға бағыштауға рұқсат. Ендеше, неге дәм беруге болмайды? Қайтқан кісінің жаназасы шығарылды емес пе? Жаназасы шығарылған кісінің жерленетіні хақ.

Қазақ дәстүрінде мәйіт шығарылан сәтте әйелдердің дауыс шығаратыны болушы еді. Қазір де солай ғой. Кейінгі өзгерістер мұны да жоққа шығаруға негіз қалап жатыр. Жезқазған, Сәтбаев қалаларындағы өліктің бәрі дерлік қала мешіттерінен шығарылады. Бұрын марқұмға жақын -жуық әйелдер, қыздары мешіт аханансының ішінде отырып сүйекті жаназа алып шыққанда дауыс шығаратын. Қазір олар мешітке бармайды, үйлерінде қалады. Өлік бір жақта, олар бір жақта. Осы дұрыс па? Егер сүйек әркімнің өз үйінен



шығарылса сөз басқа.

Сосын әйел адам жаназаға қатыспайды дегенді қалай түсінген жөн? Айталық, біреудің жаназасы мешіттен емес, оның үйінен шығарылып жатыр дейік. Сонда әлгі үйге әйелдер көңіл айту үшін бармау керек пе? «Әйелдер жаназаға қатыспайды» дегенді олар сапқа тұрмайды, қорымға ере бармайды» деп түсінуіміз керек секілді. Жаназа бару – кісісі қайтқан кісіге көңіл айту, оның қайғысын бөлісу емес пе? Ендеше, неге әйелдерге бұған тыйым салынуы керек? Түсініксіз.

Біреулер тыйым салғанның жөні осы екен деп жергілікті телеарна «Дидардан» хабар берілмесін» дегенге дейін барып жатыр. Мұны естігенде «Дидарға» берілмесе «Ақшамға» берілсін» деп күлгенім бар. Қайбір жетіскен күлкі дейсіз? Хабарлама беру үшін осы заманғы мүмкіндікті пайдалану қандай ысырапқа жатады? Бұған қарсы «қазақта естірту әдебі деген бар» дейтін уәж айтылуы мүмкін. Дұрыс. Бірақ, тек өте жақын-жуыққа ғана естіртей ме? Телеарнадан хабарлама берілгенше жақын-жуықтары түгел дерлік естіп болады. Сондықтан, бұл тыйым – ең бір түсініксіз тыйым.

Жалпы әрбір өліктің өз иесі болады. Сол қалай аттандырғысы келеді мұны соның өзі шешуі тиіс. «У ішсең руыңмен» деген дұрыс, бірақ, әркімнің өз ұстанымы болатыны да ұмытпау керек. «Сен неге дәм бересің, біз осылай шештік, неге елден бөлектенесің» деген әңгіме айтуға ешкімнің де қажысы жоқ.

«Кешегі соғыс уақытында ешкім түйе, бие сойған жоқ» деген сөз де дәлел емес. Одан бұрынғы замандарда неге айтпаймыз? Халықтың жалында, тарихында қалған Сағнайдың асы, Ерденнің асы, Шегірдін асы, Мұхтар Әуезов суреттейтін Бөжейдің астарын ысырапшылыққа жұтқызамыз ба? Ол заманда діни қайраткерлеріміз болмады ма? Олар бұған неге «ысырапшылық» деп тыйым салмады?

Өйткені, олар ысырапшылық дегеннің астың молдығымен емес, оның ішілмей, желінбей қалатын рәсуашылығы екендігін білді. Қазіргі кезде қай жерде ас ішілмей қалып, далаға лақтырылып жатыр? Демек, әр заманның өзіне тән дастарханы болады. «Ойбай, қымбатшылық, ойбай жоқшылық» деп пейілді тарылту – жақсылық емес. Соғысты айтпай-ақ, 90-жылдардың бас кезін есіңізге түсіріңіз. Сол кезде қандай едік? Сондай-ақ, «жұрттан қалмаймын» деп, шамасы келсін-келмесін қымбат жылқы сотындар көбейді» дейді. Міне, әңгіме солармен болуға тиіс. Оларға шамасына қарау керектігін ұғындыру абзал. Ал, түсіңгісі келмей, тырашанды ма, өз обалы өзіне. Жүрсін қарызданып, қауғаланып. Негізі мұндайлар жоқтың қасы. Ғайыптан ғайып бірлі-жарым сондай біреулер болып жатса, солар үшін жалпы жұртшылықты ыңғайсыздық тудыратын жағдайларға қарай неге итермелеуіміз керек?

«Ште пікір өлгенше» демекші, ойымызды ортаға салдық. «Әрбір ру өз шешімдерін жасап, бекітіп қойды, енді мұндай сөздің керге не?» дейтін де сөз естіп қалуымыз мүмкін. Тіпті, «елдің арасына ірікті салып отырсын» дейтін құстаналау да болмай қалмас. Бірақ, өзгермейтін, қайта қарауға жатпайтын Құранның басқа ештеңе де жоқ екенін де ұмытпайық. Жаназадан соң міндетті түрде дәм беру керек деп оқымағандығымыз да айтқым келеді. Бірақ, неге беруге болмайтыны да нақтылап түсіндіріліп жатқан жоқ. «Ысырап» дегеннен басқа.

Сайып келгенде, сүйек – кімдікі, билік те – соныкі болуға тиіс. Біз айтсақ, толықтай тыйым салуды емес, халық арасында тойда да, қазда да шектен шығып кетпеу жағы туралы көбірек әңгіме, сөз қозғауымыз керек. Өзірге түсінгенін осы ғана. Басқа ұйғайта алатын пікірлеріңіз болса, мархабат.

Абдолла ДАСТАНОВ
Сәтбаев қаласы

ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ

(Жалғасы. Басы өткен нөмірде)

Жезқазған қалалық мәслихатының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы XXXXI сессиясының № 41/362 шешіміне 4 қосымша

2020 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН АҒЫМДАҒЫ НЫСАНАЛЫ ТРАНСФЕРТТЕР МЕН НЫСАНАЛЫ ДАМУ ТРАНСФЕРТТЕРІ, КРЕДИТТЕР

	Атауы	Сомасы, мың теңге
1	2	3
	Барлығы:	14425368
	оның ішінде:	
	Ағымдағы нысаналы трансферттер	2415045
	Нысаналы даму трансферттері	9699375
	Бюджеттік кредиттер	2310948
	оның ішінде:	
	Ағымдағы нысаналы трансферттер, оның ішінде:	2415045
1	Мемлекеттік мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің еңбегіне ақы төлеуді ұлғайтуға	698725
2	Мемлекеттік орта білім беру ұйымдары педагогтерінің еңбегіне ақы төлеуді ұлғайтуға	442442
3	Мемлекеттік мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының педагогтеріне біліктілік санаты үшін қосымша ақы төлеуге	17017
4	Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарының педагогтеріне біліктілік санаты үшін қосымша ақы төлеуге	351746
5	Орта білім беру ұйымдарын жан басына шаққандағы қаржыландыруды сынақтан өткізуге	90305
6	Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын арттыруға, оның ішінде:	44118
	Мүгедектерді міндетті тигиеналық құралдармен қамтамасыз ету нормаларын ұлғайту	8758
	техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдар тізбесін кеңейту	35360
7	Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде еңбек нарығын дамытуға, оның ішінде:	102379
	Еңбексіз төлемін ішін арасубсидиялау	25500
	Жастар практикасы	23859
	жаңа бизнес идеяларды іске асыруға мемлекеттік гранттар ұсыну	53020
8	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек төлеуге, оның ішінде:	84905
	мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек төлеу	53653
	балаларға кепілдендірілген әлеуметтік топтама	31252
9	Мемлекеттік халықты әлеуметтік қорғау ұйымдарында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсететін жұмыскерлердің жалақысына қосымша ақылар белгілеуге	43779
10	Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде еңбек нарығында сұранысқа ие біліктіліктер мен дағдылар бойынша кәсікә мерзімді кәсіптік оқытуға	79421
11	Мемлекеттік мәдениет ұйымдарының және архив мекемелерінің басқарушы және негізгі персоналына мәдениет ұйымдарындағы және архив мекемелеріндегі ерекше еңбек жағдайлары үшін ауазымдық айлауықтарына қосымша ақылар белгілеуге	37738
12	Көпмәтерілі тұрғын үйлерге энергетикалық аудит жүргізуге	2127
13	Халықтың әлеуметтік жағанын әлсіз топтарына және (немесе) аз қамтылған көпбалалы отбасыларға коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғынажайын сатып алуға	83643
14	Білім беру нысандарын материалдық-техникалық базасын ұстау және күшейту, жөндеу жүргізуге, оның ішінде:	336700
	білім беру нысандарын күрделі жөндеу	336700
	Нысаналы даму трансферттері, оның ішінде:	9699375
15	Жезқазған қаласындағы 900 орынға арналған мектептің құрылысы	520150
16	Жезқазған қаласындағы Алашахан көшесі, 34Д 5 қабаты 60 пәтерілі тұрғын үйдің құрылысы	247968
17	Жезқазған қаласының Алашахан көшесі, 34Е көпқабатты жала берілетін тұрғын үйдің құрылысы	175028
18	Жезқазған қаласындағы Алашахан көшесі, 34И 5 қабаты 30 пәтерілі тұрғын үйдің құрылысы	170392
19	Жезқазған қаласының 69-орамдағы Шевченко көшесі, 23А 3 қабаты 18 пәтерілі тұрғын үйге инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым жүргізу (су құбыры, қарғ, жылумен жабдықтау, телефондандыру, абаттандыру)	40546
20	Жезқазған қаласындағы Алашахан көшесі, 34Д тұрғын үйге инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым құрылысы	10483
21	Жезқазған қаласының қалаішілік су құбырлары желілерін қайта жанарту, 2-кезең	1390329
22	Жезқазған қаласының қалаішілік су құбырлары желілерін қайта жанарту, 3-кезең	1223223
23	Жезқазған қаласының қалаішілік су құбырлары желілерін қайта жанарту, 1-кезең	820000
24	Жезқазған қаласының шаруашылық ауыз суды тазартқыш қондырғыларын реконструкциялау, 3-кезең	705385
25	«Сарыарқа» магистральды газ құбыры «Жезқазған» автоматтандырылған газ тарту станциясынан бастап Жезқазған қаласының газ тарту желілерін салу	2888889
26	Жезқазған қаласы жылу желілерін реконструкциялау және жанарту, 2 кезең	591653
27	Жезқазған қаласында 320 көрермен орнына арналған дене шынықтыру-сауықтыру кешенін салу	300000
28	Жезқазған қаласындағы Привокзальная көшесі мен Сарыарқа көшесі аралығындағы темір жол арқылы №4 жолтөкелін қайта құрылымдау	615329
	Бюджеттік кредиттер, оның ішінде:	2310948
29	Тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау және (немесе) салу үшін кредит беру, оның ішінде:	651775
	Қазақстан Республикасы, Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Байқоңыров көшесі, 28А мекенжайы бойынша 3 қабатты 18 пәтерілі тұрғын үй құрылысы	150075
	Жезқазған қаласындағы Алашахан көшесі, 34К көпқабатты кредитті тұрғын үйдің құрылысы	501700
30	Жылу, сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін реконструкция және құрылыс үшін кредит беру, оның ішінде:	1651220
	Жезқазған қаласы жылу желілерін реконструкциялау және жанарту, 1 кезең	1651220
31	Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін жергілікті атқарушы органдарға берілетін бюджеттік кредиттер	7953

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі облысының/қаласының Әділет департаменті нормативтік-құқықтық акті 31.12.2019 нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің нәтижесінде № 5633 болып енгізілді

Результаты согласования ГУ «Аппарат Жезказганского городского маслихата» – главный специалист – Юрий Айнагул Бакытовна Даулеткельдина, 27.12.2019 18:32:01, положительный результат проверки ЭЦП

ГУ «Аппарат Жезказганского городского маслихата» – секретарь Жезказганского городского маслихата Советбек Турсунович Медебаев, 27.12.2019 18:37:07, положительный результат проверки ЭЦП

ГУ «Аппарат Жезказганского городского маслихата» – председатель сессии Виктор Юрьевич Сотников, 27.12.2019 18:44:20, положительный результат проверки ЭЦП

Департамент юстиции Карагандинской области – и.о. руководителя Бахтияр Камалов, 30.12.2019 17:02:21, положительный результат проверки ЭЦП

Жезқазған қалалық мәслихатының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы XXXXI сессиясының № 41/362 шешіміне 5 қосымша

2020 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕР БЮДЖЕТІНЕ АҒЫМДАҒЫ НЫСАНАЛЫ ТРАНСФЕРТТЕР

	Атауы	Сомасы, мың теңге
1	2	3
	Барлығы:	31057
	оның ішінде:	
	Ағымдағы нысаналы трансферттер	31057
	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі, оның ішінде:	31057
1	Кенгір ауылындағы футбол алаңын ағымдағы жөндеуге	1472
2	Кенгір ауылындағы спорт бағдарына спорттық сауықтыру алаңын орнатуға	2700
3	Кенгір ауылдық округінің стихиялық үйінділерін жоюға	6700
4	Кенгір ауылындағы автомобильжолдарын орташа жөндеуге	20185

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі облысының/қаласының Әділет департаменті нормативтік-құқықтық акті 31.12.2019 нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің нәтижесінде № 5633 болып енгізілді

Результаты согласования ГУ «Аппарат Жезказганского городского маслихата» – главный специалист – юрист Айнагул Бакытовна Даулеткельдина, 27.12.2019 18:32:01, положительный результат проверки ЭЦП

ГУ «Аппарат Жезказганского городского маслихата» – секретарь Жезказганского городского маслихата Советбек Турсунович Медебаев, 27.12.2019 18:37:07, положительный результат проверки ЭЦП

ГУ «Аппарат Жезказганского городского маслихата» – председатель сессии Виктор Юрьевич Сотников, 27.12.2019 18:44:20, положительный результат проверки ЭЦП

Департамент юстиции Карагандинской области – и.о. руководителя Бахтияр Камалов, 30.12.2019 17:02:21, положительный результат проверки ЭЦП

Жезқазған қалалық мәслихатының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы XXXXI сессиясының № 41/362 шешіміне 6 қосымша

2020 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ҚАЛАЛЫҚ БЮДЖЕТТІ ОРЫНДАУ БАРЫСЫНДА СЕКВЕСТРЛЕУГЕ ЖАТПАЙТЫН ЖЕРГІЛІКТІ БЮДЖЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАРДЫҢ ТІЗБЕСІ

Функционалдык топ					Сомасы, мың теңге
Кіші функция					
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі					
Бағдарлама					
Атауы					
1	2	3	4	5	6
04				Білім беру	
	2			Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру	
		464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	
			003	Жалпы білім беру	

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі облысының/қаласының Әділет департаменті нормативтік-құқықтық акті 31.12.2019 нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің нәтижесінде № 5633 болып енгізілді

Результаты согласования ГУ «Аппарат Жезказганского городского маслихата» – главный специалист – юрист Айнагул Бакытовна Даулеткельдина, 27.12.2019 18:32:01, положительный результат проверки ЭЦП

ГУ «Аппарат Жезказганского городского маслихата» – секретарь Жезказганского городского маслихата Советбек Турсунович Медебаев, 27.12.2019 18:37:07, положительный результат проверки ЭЦП

ГУ «Аппарат Жезказганского городского маслихата» – председатель сессии Виктор Юрьевич Сотников, 27.12.2019 18:44:20, положительный результат проверки ЭЦП

Департамент юстиции Карагандинской области – и.о. руководителя Бахтияр Камалов, 30.12.2019 17:02:21, положительный результат проверки ЭЦП

2019 жылғы 27 желтоқсан № 42/371

2020-2022 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕР БЮДЖЕТІ ТУРАЛЫ

Нормативтік-құқықтық акт Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі, Қарағанды облысы әділет департаментінде 2019 жылғы 30 желтоқсандағы нормативтік- құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің нәтижесінде №5626 болып енгізілді

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына сәйкес, Жезқазған қалалық мәслихаты **ШЕШІМ** ЕТТІ:

1. 2020-2022 жылдарға арналған Кенгір ауылдық округінің бюджеті 1, 2, 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2020 жылға келесікөлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 73397 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер – 250 мың теңге; салықтық емес түсімдер – 36 мың теңге; негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге; трансферттер түсімі – 73111 мың теңге; 2) шығындар – 73397 мың теңге; 3) таза бюджеттік кредиттеу – 0 мың теңге, оның ішінде: бюджеттік кредиттер – 0 мың теңге; бюджеттік кредиттерді өтеу – 0 мың теңге; 4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0

мың теңге, оның ішінде: қаржы активтерін сатып алу – 0 мың теңге; мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге; 5) бюджет тапшылығы (профициті) – алу 0 мың теңге; 6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 0 мың теңге, оның ішінде: қарыздар түсімі – 0 мың теңге; қарыздарды өтеу – 0 мың теңге; бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 0 мың теңге.

2. 2020-2022 жылдарға арналған Талап ауылдық округінің бюджеті 4, 5, 6 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2020 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

